Жаһандық диалог 7.3

Жылына 4 рет 17 тілде шығады

ЖУРНАЛ

International Sociological Association

Маттео Бортолини, Риккардо Эмилио Честа, Андреа Коссу, Фламинио Скуаццони, Алиакбар Акбаритабар, Аннализа Мургия, Барбара Поджио, Массимилиано Вайра
Итальян әлеуметтануы

Жаһандық дәуірдің ақыры?
Мартин Олброу

Косоводағы отаршылдық мұрасы
Ибрагим Бериша

Стив Мэтьюман, Холли Торп, Элизабет Стэнли, Дилан Тэйлор, Роберт Уэбб
Аотеароа әлеуметтануы

Арнайы бағаналар

> Ишвар Модиды еске алу

> Түрік редакциялық тобын таныстыру

Басылым 7 /Шығарылым 3/ **Қыркүйек** 2017
www.isa-sociology.org/global-dialogue/
GD

> Редактордан

Жаһандық әлеуметтанудағы түйткілдер

Ұлттық түр мен мазмұнның әлеуметтануға ықпалы ХӘҚ қызмет атқарған он жыл бойы мені таң қалдыруын қойған жоқ. ХӘҚ Зерттеу комитеттері,Тақырыптық топтар мен Жұмыс топтары арқылы халықаралық әлеуметтануды жақсы таныстыруға мүмкіндік алдық. Соған қарамастан олар да ұлттық немесе аймақтық сипатынан айырыла қойған жоқ. Әлеуметтанушылардың басым бөлігі ұмтылатын кәдуілгі, примордиалистік/ақиқат десе болғандай бірлік – шынтуайтына келгенде, жаһандықтан гөрі, ұлттық. Бізде жаһандықтың әлеуметтануы қалыптасты, бірақ жаһандық қауымдастықпен жаһандық әлеуметтануды жасау – сандық технологиялар заманында да өте күрделі міндет. Босқындар, миграция, ауа райының өзгерісі, қаржы капиталы, жоғары білім саласының коммерцияландыру сияқты біз тап болып отырған көп мәселелердің жаһандық өлшемі бар, тіпті осының бәрін зерттеу мүмкіндіктеріміз бола тұра теорияларды ұсыну, жаһандық әлеуметтанулық қоғамдастықты қалыптастыру аса қиын міндет болып табылады. Бұл бір жағынан мәдени сипатта және соның ішінде, тілдік саналуандықтың көрінісі; екінші жағынан әлеуметтанудың негізгі пәні азаматтық қоғамның ұлттық деңгейде ұлттық мемлекетке қатысты қалай қалыптасатынының нәтижесі. Осындай мәселе жаһандық деңгейде иерархиялық бөлініске негізделген жоғары білім саласына тән, ондағы елішілік және еларалық тұрғыда терең пәндік теңсіздікті атап айтқым келеді. Шындығында, жаһандық қауымдастық өздерін ресурстардан ада қарапайым, жергілікті тұрғындардан алшақ ұстайтын өзара тығыз байланыстағы, бай ресурстармен қамтамасыз етілген космополиттердің аса мәртебелі мобилді топтарынан тұрады.

Осы шығарылымда ұлттық әлеуметтанудың дамуына ықпалы бір-біріне кереғар екі мысал келтірмекпіз. Италиядағы әлеуметтану тарихи тұрғыда Шіркеу, Коммунистік партия мен Социалистік партия, соны-мен қатар Солтүстік пен Оңтүстік болып бөлінумен байланысты ыдырады. Итальяндық саясаттану фашизммен одақтасқаны үшін масқара болса, итальян әлеуметтануы Қызыл бригадалар және басқа да әсіре бағыттармен одақтастығы арқасында абыройсыздыққа ұшырады. Жаңа Зеландия әлеуметтануы бір жағынан, әлеуметтік саясатта британдық дәстүрлермен байланысы бар және елдің отарлық мұрасымен күресуде. Ол – мықты көршісі Австралиядан үрейленетін шағын арал.

Осылайша, әлеуметтануға жаһандық ықпал ұлттық мұра мен дәстүрлер арқылы жүзеге асты. Әлеуметтанудың қалыптасуына ұлттардың әлемдегі орны түбегейлі ықпалын тигізеді, айталық Ибрагим Беришамен сұхбатта Косоводағы албандықтар тәжірибесі арқылы отарлық жағдайындағы адамдар тұрмысына көбірек назар аударылса, Мартин Олброумен сұхбатта Британияның жаһандық өзгерістерге ықпалы сөз болады.

Журналдың соңғы шығарылымынан кейін ұлттық және жаһандық әлеуметтану интеграциясының нағыз жанашырларының бірінен айырылып қалдық. Ишвар Моди Жаһандық Диалогқа және оны хинди тіліне аудару ісіне адал еді, бос уақыт зерттеулерін интернационалдандырудағы көшбасшы әлеуметтанушының бірі болды. Оны жоғалту – үлкен қасірет, бірақ оның ісі мәңгі жасайды.

> Жаһандық Диалог ХӘҚ ресми сайтында 17 тілде жарияланады

> Мақалаларды мына адреске жолдауға болады burawoy@berkeley.edu

Итальян әлеуметтанушылары *Италиядағы әлеуметтану үшін күресті талқылауда.*

Мартин Олброу*, көрнекті әлеуметтанушы, өзін жаһандық әлеуметтануға жетелеген жол жайында әңгімелейді.*

Ибрагим Бериша *Косоводағы албандықтардың ауыр ахуалын отарлық тәжірибе ретінде сипаттайды.*

Аотеароа әлеуметтанушылары *қоғамдағы өздерінің саналуан шаралары туралы жазады.*

GD

Жаһандық диалог SAGE Publications *ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.*

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес:
Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Виниета Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Аблдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар
Араб әлемі:
Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина:
Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш:
Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари.

Бразилия:
Густаво Танигутти, Андреза Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Үндістан:
Рашми Жаин, Джуотти Сидана, Прага Шарма, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:
Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Доминггус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:
Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Сина Бастани, Мина Азизи, Вахид Ленджанзаде.

Жапония:
Сатоми Ямомото, Масатака Егучи, Изуми Ишида.

Қазақстан:
Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Ғани Мадиярбеков, Алмаш Тілеспаева, Куаныш Тел.

Польша:
Якуб Барщевски, Катарзина Дебска, Паулина Домагалска, Адрианна Дроздовска, Лукаш Дулняк, Ян Фрыдрих, Кшиштоф Губански, Сара Хержинска, Кинга Жакиела, Жустина Косинска, Камил Липински, Миколаж Миерзежевски, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Зофия Пенза, Тереза Телезинска, Анна Вандзель, Яшек Зих, Лукаш Жоладек.

Румыния:
Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Татьяна Кожокарь, Андрей Крачун, Диана Александра Думитреску, Юлиан Габор, Александра Избашою, Родика Лизеану, Анда-Оливия Марин, Андреа Елена Молдовану, Уна-Елена Негри, Миоара Парашив, Ян Даниель Попа.

Ресей:
Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Анастасия Даур.

Тайвань:
Джинг Мао Ху.

Түркия:
Гүл Шарбаджиоғлы, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

> Осы шығарылымда

Редакциядан: Жаһандық әлеуметтанудағы түйткілдер 2

> ИТАЛЬЯН ӘЛЕУМЕТТАНУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

XXI ғасыр басындағы итальян әлеуметтануы
Маттео Бортолини, Италия 4

Отанына беймәлім Грамши
Риккардо Эмилио Честа, Италия 6

Итальян Әлеуметтануының қос келбеті, 1945-1965
Андреа Коссу, Италия 8

Итальян әлеуметтануының интернационалдануы, 1970-2010
Фламинио Скуаццони және **Алиакбар Акбаритабар**, Италия 10

Итальян әлеуметтануындағы гендерлік стереотиптер
Аннализа Мургия, ҰБ және **Барбара Поджио**, Италия 12

Үстем пән: Әлеуметтану Италияның Академиялық алаңында
Массимилано Вайра, Италия 14

> ӘЛЕМНІҢ ШАРТАРАБЫНАН СҰҚБАТ

Жаһандық дәуірдің ақыры? Мартин Олброумен сұқбат
Раиса-Габриела Замфиреску мен **Диана-Александра Думитреску**, Румыния 16

Косоводағы отаршылдық мұрасы: Ибрагим Беришамен сұқбат
Лабинот Кунушевчи, Косово 19

> ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯНЫҢ АОТЕАРОА ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Апаттан кейінгі Отаутахидегі энергиялық саясат
Стив Мэтьюман, Аотеароа, Жаңа Зеландия 22

Апаттан кейінгі кеңістіктегі спорттық шығармашылық
Холли Торп, Аотеароа, Жаңа Зеландия 25

Үнсіздік
Элизабет Стэнли, Аотеароа, Жаңа Зеландия 27

Белсенділік пен ғылым
Дилан Тэйлор, Аотеароа, Жаңа Зеландия 29

Жергілікті криминология туралы
Роберт Уэбб, Аотеароа, Жаңа Зеландия 31

> ИШВАР МОДИДЫ ЕСКЕ АЛУ(1940-2017)

Демалысты зерттеу кәнігі ісі еді
Раджив Гупта, Үндістан 33

Шабыт пен қолдаудың қайнары
Карл Спраклен, Ұлыбритания 35

> АРНАЙЫ БАҒАНАЛАР

Түрік редакциялық тобын таныстыру
Гүл Шарбаджиоғлы және **Ирмак Эврен**, Түркия 37

> XXI ғасыр басындағы итальян әлеуметтануы

Маттео Бортолини, Падуя университеті, Италия



Итальян әлеуметтануының бастауы, 1945-2010 Андреа Коссу мен Маттео Бортолини.

1990-жылдардың басында итальян әлеуметтануының негізі қаланған «ержүрек» кезеңнің ақыры туды, оның орнын харизмасы төмен, неғұрлым кәсіби ғылыми тәжірибе ауыстырғаны туралы Андреа Косс екеуміз «Итальян әлеуметтануы 1945-2010 жылдары: интеллектуалдық және институттық кескін» деген кітабымызда жазғанбыз. Бұл кезеңді «стандартталмаған рутиналанудың» адам сенгісіз үйлесімі ретінде сипаттау өте орынды. Тақырыптар, әдістер немесе теориялық шекаралар бойынша ғылыми немесе тіпті прагматикалық ымыраның болмауы ғылыми жұмыстың күнделікті тәжірибесіне және әлеуметтанушылар мен олардың толып жатқан қоғамдық ұйымдармен – итальяндық және шетелдік әріптестермен ынтымақтастық, ұлттық және жергілікті саяси элиталармен, әлеуметтік және діни қозғалыстармен, экономикалық субъектілермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыстарына ықпал етті. Одан басқа мұның бәрі әлеуметтанулық қоғамдастықтың жалпы көзқарасының, кәсіби және этикалық стандарттарының, болашағының дамуына кедергі келтірді. Итальян әлеуметтануы өзінің өткені, бүгіні немесе келешегі туралы жаңа, мықты нарратив жасауға ұмтылғаны соншалық беделді академиялық институттарда оқитын жас әлеуметтанушылардың буыны үшін «соғыстан кейінгі әлеуметтану» немесе 1968 жылғы студенттік көтерілістер (Честа мен Коссудың осы шығарылымдағы мақаласын қараңыз, ЖД7.3) туралы ескі аңыздар аса маңызды болмай қалды.

«Жаһандық диалогтың» осы шығарылымында жарияланған мақалаларда айтылғандай, әлбетте, әлеуметтанулық ұстанымдар мен зерттеу стилдерінің плюрализациясы соңғы 30 жылда орын

>>

алды. Алайда, осы әлеуметтану тарихының постмодерндік фрагментациясына ерекше итальяндық реңк береді. Соңғы он бес жылда менеджеризм мен нарық идеологиясымен уланған, соғыстан кейінгі академиялық әлеуметтануға шабуылын тоқтатпаған жоғары білім берудегі әлемдік неолибералды төңкеріс католиктер, коммунистер мен социалистер сияқты саяси күштер аясында 1960-жылдардың соңында біріккен үш негізгі академиялық топты әлсіретті. Соған қарамастан жас итальяндық әлеуметтанушылар географиялық, интеллектуалдық және кәсіби көкжиектердің пайда болуынан шабыт ала отырып, қазіргі кезде шет елдерде ғылыми атақ пен дипломнан кейінгі шәкіртақыны көбірек ала бастады, халықаралық кездесулер мен ғаламдық ғылыми желілерге тұрақты да белсенді қатысады. Нәтижесінде кейбір әлеуметтанушылар таптаурын болған академиялық концепциялардан алшақтап, негізгі баспа тілі ретінде итальян тілінен бас тартуы итальяндық әлеуметтанудың белгілі бір ұлттық бейне және ғылыми пән ретіндегі тәжірибеге қол жеткізуіне мүмкіндік бермейтін сияқты (қараңыз осы шығарылымда Скуаццони мен Акбаритабар, ЖД 7.3).

Аталмыш маңызды сергіліспен қатар итальян әлеуметтануы бүгінгі таңда үш негізгі мәселенің шырмауында қалып отыр: мәдени және интеллектуалдық әлемдегі орны; әлеуметтік ғылымдардағы рөлі және неғұрлым кең мағынада алсақ, неолибералды академиялық орны; сонымен қатар институттық және ұйымдық инфрақұрылымы.

Итальян әлеуметтануының қазіргі ең үлкен мәселесі – ұлттық әлеуметтік ғылымда мойындалмауы (қараңыз осы шығарылымда Вайра, Мургия және Поджио, ЖД 7.3). Белгілі саясаткерлер немесе көпшілікке танымал интеллектуалдарға айналған әлеуметтанушылардың алғашқы буынындағы ат төбеліндей белсенді топ болмаса, әлеуметтанушы кәсібінің итальян қоғамына ықпалы байқалмады.

Бір жағынан 1968–1970 жылдардағы Италия туралы есте қалғандар (әңгіме Тренто университетінің бірнеше түлегі «Қызыл бригадалар» терроршыл тобына қосылды, ал кейбір әлеуметтанушылар «Жаңа солшыл ұйымдарды» басқарғаны туралы) әлеуметтанушының қалыптасқан бейнесіне бір нәрсеге құлай берілген және аса сенімді емес зиялы ретінде қарауға үлес қосады – идеологтар, «органикалық интеллектуалдар» немесе саяси қозғалыстардың, кәсіподақтардың немесе азаматтық қоғам қауымдастықтарында қызмет ететін кеңесшілер сияқты кейбір әлеуметтанушылар осы бейнені қолдап жүр. Екінші жағынан, 1980-жылдардың ортасынан бастап әлеуметтанушылардың тым айқын және ашық дәрежеде көріне бастауы сынға ұшырады, осыдан кейін оларды «көлеңкедегі бәрін білгіштер» деп жиі атайтын болды.

Жас буынның арасынан шыққан белгілі, көпшілікке танымал интеллектуалдар Илво Диаманти, Мауро Магатти және Джованни Семи «Джентрификация» (2015 жыл) кітабын шығарып, сілкініс тудырғанына қарамастан, әлеуметтанудың бейнесін жаңғыртуға және оның әлеуметтік процестерді талқылауда заңды орнын қайтаруға әлі де көп уақыт пен күш-қайрат керек.

Академиялық әлеуметтанудың тағдыры итальяндық жоғары білім беру жүйесінің тағдырымен біте қайнасып жатыр. 2004-05 жылдары академиялық жұмыскерлердің ғылыми қызметі туралы мәлімет жинау, талдау және бағалау жүргізілді. Бұл жұмыстың нақты салдары болмағанымен, алынған нәтижелер көңіл көншітпейді: әлеуметтік ғылымдар ішінде итальян әлеуметтануы ең төменде болып шықты, бұл жарияланған зерттеулердің сапасын арттыруға жаңа күш салуға итермеледі. Кейінірек Берлусконидың неолибералды үкіметі 2012 жылдың соңында пәнішілік және пәнаралық қызу келіспеушіліктерді туғызған итальяндық жоғары білім беру жүйесі туралы (заң 240/2010) радикалды және даулы реформаны енгізді. Ғылыми біліктіліктің ұлттық процесі нәтижелерін жариялау жұмысқа алудың жаңа тетіктерін енгізуге алып келді: бағалауға өтініш берген бесеудің біреуі ғана болашақта профессор лауазымына толық немесе ассоциацияланған жағдайында ие бола алатыны анықталды. Тіпті солтүстік Италия университеттерінің жағдайы, орталық пен оңтүстік университеттеріне қарағанда, әлдеқайда жақсы болып шықты, бұл жерде мансабын әрі қарай жалғастыра алатын үміткерлер саны жоғары.

Нәтижесінде аймақтық және пәнішілік теңсіздік, үш академиялық топтың күші және пәннің фрагментациялануы жайлы пікірталастар ақылға қонымсыз эмоциялық сипат алды. Беріспес пікірталастың бірі 2010 жылғы заңда бекітілген зерттеу мансабын әділетсіз бағалайтын критерийлер төңірегінде жүрді. Шетелдік журналдарда жарияланған мақалалар мен жаһандық зерттеу желілерінде мүше болу жоғары бағаланды, ал жергілікті университеттерде дәріс оқу мен қызмет ету төмен бағаланды. Орташа есеппен алғанда, итальян әлеуметтануынан біршама немесе толық алшақтаған әлеуметтанушы-космополиттер жергілікті деңгейде қызметке бағытталғандардан жоғары бағаланған.

Ақыр соңында 2010 жылғы реформа жөніндегі келіспеушіліктер 1983 жылы академиялық лауазымдар бөлу және ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды орталай атқаруы тиіс үш топтың ақпарат алмасатын бірлескен орталығы ретінде құрылған Италияның әлеуметтанулық қауымдастығына (ИӘҚ) терең және таң қаларлық ықпал етті. Қауымдастық біртіндеп өз мәртебесі мен тартымдылығын жоғалта бастады, Ғылыми біліктіліктің ұлттық органы нәтижелерді жариялағаннан кейін көптеген академиялық әлеуметтанушылар қауымдастықтың мүшелігінен бас тартуға мәжбүр болды. Бүгінгі күні қауымдастық мүшелерінің саны азайып қалғандықтан, өзінің қоғамдық орны мен пәннің негізі стандартты өкілі ретінде тартымдылығын күшейте отырып, жаңаруға тырысуда.

Әдетте басқа әлеуметтанушыларға қарағанда, табысқа көбірек жететін экономикалық әлеуметтанушылар ИӘҚ бас тартуға шешім қабылдап, жаңа пәнішілік кәсіби қауымдастығын құрды. 2017 жылдың қаңтарында Экономикалық әлеуметтанудың итальяндық қоғамы (SISEC) шамамен академиялық әлеуметтанушылардың оннан бірі болатын 220 жуық мүшесі қатысқан алғашқы ұлттық конференциясын өткізді. Бұл жаңару өзінің жемісін бере ме және итальян әлеуметтануына тарихындағы ең күрделі де қиын кезеңі шекарасынан шығуға көмектесе ала ма, оны тек уақыт көрсетеді.■

Хаттарды Маттео Бортолиниге <matteo.bortolini@unipd.it> жолдауға болады.

> Отанына беймәлім Грамши

Риккардо Эмилио Честа, Еуропалық университет институты, Фьезоле, Италия

Антонио Грамши.

Әлеуметтік ғылымдардағы заманауи пікірталастарда сын әлеуметтануы мен марксизм, әдетте, бір жерде. Шындығында, олардың қатынасы толық мәлім емес. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Италияда пәнді жаңғырту «әлеуметтікті» зерттеудегі гегемониямен күресті және әлеуметтану мен марксизм арасындағы келіспеу қатынасын айқын көрсетеді..

Гегемония концепциясын қолданғаным тегін емес: әлеуметтік ғылымдарға қатысты итальяндық марксшілердің амбиваленттілігін Антонио Грамшиге дейін бақылауға болады. Грамшидің философиялық негізінен бастап интеллектуалдарды стратегиялық концептуализациялау мен оның жұмыстарын Италия коммунистік партиясының қалай пайдаланғандығына дейін және басқа да элементтер Грамши мен соғыстан кейінгі италиялық әлеуметтану арасындағы алшақтыққа себеп болды. Халықаралық деңгейде басқа әлеуметтанушылар тарапынан жоғары бағаланған Грамши – Италиядағы әлеуметтік ғылымдардағы «отанына беймәлім» тұлға.

> Грамши марксизміндегі крипто-идеализм

Теориялық шекараларды қалыптастыра отырып, Грамши өз кезеңінің алып қоғамдық қайраткері, жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында теориялық және саяси ықпалы басым болған Неаполитан философы Бенедетто Крочеге қарсы шықты. Шындығында, Грамшидің *Түрме жазбаларында* еңбектерінен ең көп үзінді келтірілген және талқыланған Маркс та, Ленин де емес, ол – Кроче.

Идеалистік тарихилық жақтаушысы бола тұра, Кроче «әлеуметтік туралы ғылымды» және заң басымдылығын дәлелдейтін нақты эпистемиологиялық пайымдаулар жасай отырып, әлеуметтанудың ғылыми пән болу мүмкіндігін жоққа шығаратын. Кроче парадигмасының аясын керемет ұғынатындығына қарамастан (ең алдымен, марксизмді тарих философиясы ретінде қарастырудан бас тартуы) Грамши «анти-Крочені» италиялық мәдениеттегі идеалистер мен спиритуалистер гегемониясын жеңуге шақырды. Сол уақытта *Түрме жазбалары*, сыни тұрғыдан, әлеуметтік ғылымдардың итальяндық қоғам мен саясатты қатаң зерттеу туралы «уәдесін» мойындай отырып, әлеуметтік ғылым дәуірінің іргелі жұмыстарының бастауы болды.

> Тольятти Грамшиі

1950-ші жылдарда италиялық интеллектуалдар Грамши жұмысының крипто-идеалистік интерпретациясын қалай және неліктен қабылдағанын түсіну үшін оның еңбектеріне зер салып қана қою жеткіліксіз. Керісінше, 1937 жылы фашистер түрмесінде қайтыс болғанда сол жерде шашылып қалған Грамшидің негізгі шығармалары алғаш рет жария болған кезге назар аударуымыз қажет. Түрме жазбалары Грамши қайтыс болғаннан кейін оның ескі досы, Коммунистік партияның бас көшбасшысы Пальмиро Тольятти мен коммунистік журналист Фелисия Платон ұсынған нұсқада басылып шықты. Осы алғашқы басылым Грамши жұмысын 1948 жылы (*Тарихи*

>>

материализм және Бенедетто Кроче философиясы) және 1949 жылы (*Интеллектуалдар, Il Risorgimento, Макиавелли туралы жазбалар*) басылып шыққан бірнеше бөлікке бөліп тастады. Олар (Тольятти мен Платон) Де Санктис, Спавента, Лабриола, Кроче және соңында Грамши орналасқан мінсіз интеллектуалды тізбекті қайта қалпына келтіріп, Грамшиді италиялық мәдени дәстүрдің басты мұрагері ретінде ұсынды. Осы кезде мәдени гегемонияның нақты стратегиясы Грамшидің бұқаралық партиялық құрылысты талдауын «нео-макиавеллилік» ұстанымы немесе Грамши өзі атағандай, «Заманауи ханзада» арқылы енгізілді.

Марксшіл философ ұсынған осы нақты жұмыс екі мақсатты көздеді. Біріншіден, Грамши Крочемен және тарихи идеализммен байланысты болды, яғни билік етуші буржуазия арасында коммунистік партия мәдениетін заңдастырды. Екіншіден, жұмысшы табын алға жетелейтін негізгі саяси актор – партияны, ал партия көшбасшысы Тольяттиді және ол ұсынған тарихи қозғалыстың нео-макиавеллилік бағытын қолдау мақсатында Грамшидің интеллектуалды мұрасын түрлендіруге тура келді. Түрлендіру нәтижесінде ол субальтернациялық мәдениеттерге қызығатын ғалым немесе әлеуметтік ғылымдар құндылығын мойындамайтын тарихи идеалист емес, әлеуметтік қозғалыстар үшін сайланған демократиялық басшылық жақтаушысы, прогресшіл буржуазиялық философ ретінде танылды.

> Жетіспейтін түйін

1950-ші жылдары Грамши жұмыстары жаңадан пайда болып жатқан әлеуметтік ғылымдарға жұмысшы табын «қолға үйрету» мақсатында АҚШ-тан импортталған «босстар құралы» деп жала жауып, сол буржуазияны қалыптастыруға ұмтылған интеллектуалдар ұрпағының негізгі қаруына айналды. Италиядағы әлеуметтанудың ең алғашқы қолдаушыларының бірі – Адриано Оливетти. Ол Социалистік партиямен байланысты техникалық сарапшылар мен интеллектуалдарды жинап, қаржыландырды. Ивреадағы фирмасында Оливетти жас ғалымдардың ықпалды американдық әлеуметтанулық еңбектермен танысып, әлеуметтанулық құралдарды өндірістік қарым-қатынасты зерттеуге қолдана алу мүмкіндігі жасалған «қоғамдық қарым-қатынас бөлімін» ашты.

Коммунистік интеллигенция мен көшбасшылар, әлі де болса, Оливеттидің «қоғамдық кәсіпорын» жобасына шүбә келтіріп, технократиялық филантропия арқылы таптық күресті тоқтатудағы жұмыс беруші талпынысы ғана деп қарастырды. 1955 жылдың қыркүйегінде Il Contemporaneo ресми журналында жарияланған мақалада коммунистік интеллектуал Фабрицио Онофри Оливеттидің мәдени және саяси қозғалысын біртүрлі мессиялыққа, оның өзін Аллаға, ал көмекшісі – әлеуметтанушы Франко Ферраттиді пайғамбар Мұхаммедке теңеп, мазақ етті. 1950-ші жылдары ресми Грамшиизм эмпириядан жұрдай, тек тұрақтанған теориялық болжауларға негізделетін тарихтың идеалистік философиясына және Италия Республикасының демократиялық институттарында жұмысшы табы үшін біртіндеп концессияға қол жеткізуге бағытталған стратегиясына, яғни Тольятти «прогресшіл демократиясының» нұсқаулығына айналды.

Италия коммунистік партиясында (ИКП) жаңа сыни солшыл топтарының пайда болуымен орын алған екі оқиғадан кейін Грамшиді балама ретінде оқу мүмкін болды. 1955 жылы FIAT зауытында (жұмысшы табы қозғалысының ұлттық орталықтарының бірі) ішкі кәсіподақ сайлауы күтпеген нәтиже берді: Италияның сол одақтары ішінде негізгілерінің бірі және Италия коммунистік партиясының ең мықты фабрикалық одақтасы CGIL дауыстары екіге бөлінді. Бір жылдан соң Будапештегі кеңестік репрессия наразылықтары жасырын ренішті үдетіп, сол интеллектуалдар арасында пікірталасты күшейтті және көбі партия мүшелігінен шықты.

Алайда, жас интеллектуалдар (оның ішінде Раньеро Панцьери басшылық еткен *Quaderni Rossi* тобы да) 1950-ші жылдардың соңында институтталған италиялық марксизмді сынай бастағанда әлеуметтанулық зерттеудің беті қайтпайтын формасына - «*inchiesta operaia*»-ға («жұмысшы табының мүддесі») бет бұрды, яғни Тольятти ұсынған Грамшидің интерпретациялануын сынады. Бірақ, бұл теоретикті жаңғырту емес; тек 1967 жылы Грамши институты академиялық әлеуметтанушыларды оның түйінді ғылыми бағдарлама бастамаса да диалогқа қосқан үлесін зерттеуге итермеледі. 1968 жылғы бас көтерулер Франкфурт мектебінің жұмыстарын импорттау арқылы сын әлеуметтануын қайта жандандыруға көмектескенімен, академиялық әлеуметтанушылардың басым бөлігі сын теорияларын кәсібилендіруден қашты. 1970-ші жылдардың аяғында марксизм мен макроәлеуметтанулық теориялардың дағдарысқа ұшырауымен Грамши философия тарихнамасы үшін басқа объект болып көрінді.

Мұның қарама-қайшылығы мынада: Италияда негізі қаланып, нығаюының маңызды кезеңінде академиялық та, қоғамдық та әлеуметтану «нағыз Грамшиді» тани алмады. Ал әлемнің басқа бөліктерінде – АҚШ пен Ұлыбританиядан Латын Америкасы мен Үндістанға дейін – Грамши ілімі мәдени зерттеулерде, төменгі топтарды зерттеуде, саяси экономия мен халықаралық қарым-қатынасты әлеуметтік ғылыми зерттеу үшін маңызды интеллектуалдық құрал болды. Италияда академиялық және сыни көзқарастағы әлеуметтанушылар оның еңбектерін бірдей елемеді, ұлы сардиниялық ойшыл жаһандық интеллектуалға айнала отырып, «отанына беймәлім» қалпында қалып қойды.■

Хаттарды Риккардо Эмилио Честаға <riccardo.chesta@eui.eu> жолдауға болады.

> Итальян Әлеуметтануының қос келбеті, 1945-1965

Андреа Коссу, Тренто Университеті, Италия

Франко Ферраротти, Италиядағы кәсіби әлеуметтанудың негізін қалаушылардың бірі.

Ғылыми пәндер үшін интеллектуалды ымыра мен институттануға апарар жол қашан да қиын, пәнаралық шекара туралы пікірталастар ғана емес, сонымен қатар пәннің аяғына нық тұруы мен шарықтауы үшін ерекше инфрақұрылым да маңызды. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Италияда әлеуметтік ғылымдар жандана бастады. Саяси ғылымдар көбінде «фашистік» пән ретінде қарастырылса; статистика отарлауды нығайтуда қолданысқа аса қажет көрсеткішке айналды. Идеалистік философияны көбінесе әлеуметтік ғылымдардың, соның ішінде ең әлсізі – әлеуметтанудың, сыншылары басқарды.

Осылайша, итальяндық әлеуметтану өзінің алғашқы қадамдарын қолайсыз ортада бастады, академиялық келіспеушілік пен Италияның коммунист зиялыларының саяси шабуылымен ғана емес, сонымен қатар жаңа пәндердің жағдайын қиындататын Италия университеттерінің институттық шектеулерімен сипатталады. Жоғарыдан төмен қарай бюрократияның шылауындағы мемлекеттік басқару мен жергілікті рулық бөлініс әлеуметтанушыларға өз пәндерін университеттен тыс жерде ғана айтарлықтай деңгейде дамыта алатынын байқатты. Әлеуметтанушылар бағыныңқы жағдайда болса да зерттеу орталықтарының инфрақұрылымын құруға, баспа үйі мен әлеуметтік қызметкерлерге мектептер ашуға көмегін тигізді. Бұл ахуал 1960 жылдан кейін де әлеуметтанушылар академиялық қатарға кірген ұзақ уақыт бойы ықпалын жоғалтпады.

Италияда әлеуметтанудың институттануы туралы пайымдар интеллектуалды позициялардың тарихы аясында жиі айтылады. Алайда, Маттео Бортолини "*Итальян әлеуметтануы 1945-2010 жылдары*" жұмысында айтып өткеніндей, мен де белгілі бір қалыптасқан пән аясында маргиналданған жас ғалымдар шоғырының оқыған жерлері, кейін

>>

академиялық ортаға неліктен келгені туралы неғұрлым тереңірек түсіну қажет деп санаймын. Басқаша айтқанда, әлеуметтануды ашқан осы шоғыр, әлеуметтанулық тұрғыдан алаңдарға, қатынастарға және процестерге ерекше көңіл бөле отырып, әсіресе Италиядағы пән туралы бұрынғы есептердің басым бөлігін сипаттайтын агенттік және жоспарланған стратегияларға бағыттала зерттелінуі керек.

1951 (*Quaderni di Sociologia* атты ең маңызды журналдардың бірін Франко Ферраротти және оның кеңесшісі философ Никола Аббаньяно қалаған кезде) және 1961 (ең алғаш ұлттық сайыстан кейінгі әлеуметтанудың үш тірегі қалыптасқан кез) жылдар аралығындағы онжылдық – пәннің инфрақұрылымын қалыптастыру мен елдің әлеуметтануы орталығын құруда маңызды кезең. Артымызға қарайтын болсақ, Диана Пинто бұл дәуірді екі пара-пар кезеңге бөлді: 1950-1956 жылдар әлеуметтанудың ашылу кезеңі болса, екінші жартысында әлеуметтану «мәдени орталықтанды». Дегенмен, «полицентризм» бұл жерде - қолайлы метафора.

Университет итальяндық зияткерлік ортаның негізгі ұйытқысы болғанына қарамастан – Бальбо және оның әріптестері әлеуметтанушылар елдің модернизациясын іске асыратын алаң маршалдарының рөлін ойнай алады деген арманның орындалмайтынын да мойындады, осылайша, академиялық позицияны әлеуметтанушыларға өміршең жалғыз балама ретінде қалдыра отырып, әлеуметтануға «науқас мамандық» деген диагноз қойған 1960-жылдардың соңына дейін әлеуметтанушылар ғылыммен жаппай айналысқан жоқ. Осы буынға дейін Италиядағы әлеуметтану инфрақұрылымы айтарлықтай деңгейде оқытудан тыс, зерттеу орталықтары, оның ішінде Миландағы Centro Nazionale di Prevenzione e Difesa Sociale, Болоньеде II Mulino мәдени қауымдастығы және кәсіпкерлік көріпкелдігі қолданбалы әлеуметтік ғылымды қауымның кәсіпорындағы және тіпті одан тыс жерлерде құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейте алатын маңызды құрал деп таныған кәсіпкер Адриано Оливетти негізін қалаған Comunità секілді саяси қозғалыстар қатысқан болатын. Осы зерттеу орталықтары мәдени қорлар және халықаралық ұйымдармен (Форд Қоры және ЮНЕСКО секілді) тығыз қарым-қатынас орнатқан, сондай-ақ Einaudi, Comunità секілді танымал баспа орталықтары (тағы да Оливетти негзін қалаған) және II Mulino әлеуметтану өзге пәндерден қалай ерекшеленетіні, алаңдық зерттеулер мен эмпириялық талдаудың таралуы туралы пікірталасқа тартылды. Кейбір университеттік институттарда тәуелсіз ғалымдар (Милан, Генуя, Турин, Флоренция және Портичиде) қолданбалы зерттеулерді негізінен өнеркәсіптік қарым-қатынас, экономикалық әлеуметтану, қауымдастықтарды зерттеу мен электораттық кеңістік саласында жүргізді.

1950-жылдардың соңына таман итальяндық әлеуметтану легитимділікке қол жеткізетін теория (мықты функциялыққа бейімділік) мен қолданбалы зерттеу жүргізуге күш салу арасында қақ айырылған Янус іспетті пәнге айналды. Нәтижесі көңілді көншітпеді. «Теория» негізінен Парсонстың, Мертонның және Лазарсфельдтің шығармаларын догмалық тұрғыда және ішінара жаңғыртумен шектелді; алаңдық зерттеулер инновациялық зерттеулерден гөрі көбінесе стандартты зерттеу мен этнографиялық негізді қамтыды.

Осы бір тар фокусқа қарамастан, әлеуметтану «қалыпты ғылым» болды, бұл өте қажет еді. Әлеуметтанушылардың алғашқы буыны (университеттерге дәріс беруге мүмкіндік берген «либеродоцент» мәртебесі бар Ферраротти, Алессандро Пицкорно, Сабино Аквавива, Эудженио Пеннати, Ахилле Ардиго, Лучано Кавалли, Джорджио Брага және Филиппо Барбано) өз тәжірибесі мен құқығын ірі университеттерде пәндік орталықтар құруға бағыттады. Бұл позиция тұрғысынан олар әлеуметтік ғылымдар негізгі бола бастаған Италияның жаппай университеттік жүйеге ауысуы кезінде пәндер қатарын толықтыруға мүмкіндік берген маманданған жаңа буынды үйретіп шықты.

Осылайша, 1960-жылдары пәннің ахуалы кенет өзгерді. Әлеуметтанушылар академиялық ортада Италияның модернизациясында ханзаданың кеңесшісі қызметін атқарады деген арманнан гөрі неғұрлым тұрақты мәртебені берген әлеуметтанушыларды даярлайтын және көбейтетін негізгі орынды иеленді. 1962 жылы Трентода алғашқы оқу орнының негізі қаланды; осы маңызды қадамнан кейін басқа да әлеуметтану факультеттері, сонымен қатар саяси ғылымдар факультеттерінде бөлімдер ашылды.

Италиядағы әлеуметтануды заңдастырудағы үрейлі талпыныстардан кейін жиырма жыл өткен соң әлеуметтанудың академиялануы толық жүзеге асты. Ұзақ уақыт бойы әлеуметтану ғылымды мойындаумен байланысты интеллектуалды мәртебеге қарағанда, көбіне зерттеудің күнделікті талаптарына сәйкес қалыптасқан алаң мен әдеттерге негізделген пән ретінде қалып қойды. Университеттен алшақтау тек әлеуметтанушылардың қатынасын ғана емес, сонымен қатар зерттеу типін, тіпті ірі тұлғалардың теориялық бағдарын қалыптастырып, біраз зардап алып келгені таң қалдырмайды. Тек 1960-жылдардың соңынан бастап (1970 жылдардың өзінде белсендірек) итальяндық әлеуметтану теориялық, эмпириялық және әдіснамалық талғампаздық бағытында шұғыл қадамдар жасады.■

Хаттарды Андреа Коссуға <andrea.cossu@unitn.it> жолдауға болады.

> Итальян әлеуметтануының интернационалдануы, 1970-2010 жылдар

Фламинио Скуаццони және **Алиакбар Акбаритабар**, Брешиа университеті, Италия



Итальян әлеуметтануының интернационалдануы, 1973-2015 жылдар.

Италиялық әлеуметтанушылар Италияның түрлі өңірлерінде орналасқан білім беру мекемелері мен ғылыми-зерттеу институттарының кең аясында жұмыс жасайды. Жоғарыдан төменге ұсынылатын нұсқаулықтардың күрделі үйлесімділігі, қатар қолданылатын және конфликтілі «парадигмалық» мектептер мен жергілікті «ерекшеліктердің» негізінде әзірленген жалдау және алға жылжудың қалыптасқан әдістері әлеуметтанушыларға академиялық ықпалын кеңейтіп, көп мекемелерде өз позицияларын табуға мүмкіндік берді. Мысалы, Италия университеттерінде әлеуметтану факультеттерінің саны экономика факультеттерінің санымен бірдей (шамамен, 1000 толық, теңестірілген және ассистент-профессор). Бұл біздің қауымдастығымыздың сәтті эволюциясын көрсете алғанымен, осы тәжірибе мықты зерттеулердің жүргізілуіне ықпал еткені не кедергі болғаны анық емес.

Италиялық әлеуметтанушылардың жарияланымдары туралы аз да болса сандық түсінік болу үшін біз барлық 1227 италиялық әлеуметтанушы (2016 жылы тіркелген постдокторларды қоса алғанда) есімін MIUR (Италияның Университет және зерттеу министрлігі) веб-сайтынан алдық. Әрі қарай, халықаралық журналдар, конференциялар, монографиялар, кітап бөлімдері мен ең беделді ұлттық журналдарды қамтитын Scopus мәліметтер базасынан 1970-2010 жылдар аралығында іздеу жүргіздік.

Нәтижесінде, италиялық әлеуметтанушылардың 63.8% Scopus базасына енгізілген кем дегенде бір жарияланымы бар, яғни Италиядағы әлеуметтанушылардың үштен бірінде халықаралық журналдарда, конференцияларда, кітап сериялларында немесе Италияның ең беделді журналдарында басылып шыққан бірде-бір мақаласы жоқ.

>>

Италиялық әлеуметтанушылар есімдерінің бірқатары мәліметтер базасында бірнеше рет шығады. Мысалы, бес адам 35-тен астам индексті жарияланым жасаған. Екінші жағынан, 20% жуығы (249 әлеуметтанушы) мансап жолында тек бір ғана мақала жариялаған. Егер жарияланымдардың ықпалын қарастыратын болсақ, 52.4% (3,515 жарияланымның 1,840) мәліметтер базасында көрсетілген сілтемелері болмаған.

Қызығы, мәліметтерде географиялық бөлініс бар. Солтүстік (45.5%) және орталық (27.2%) университеттерде жұмыс жасайтын әлеуметтанушылардың еңбектері, оңтүстікте жұмыс жасайтындарға қарағанда, көбірек. Бұл өз таңдауының нәтижесі не географиялық өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың тең емес екендігін көрсететін белгінің теріс ықпалы болуы мүмкін. Дегенмен, MIUR мәліметтер базасы арқылы үміткерлер мен жалдау комитеттерін реконструкциялауды талап ете отырып, университеттің жалдау процесіне талдау жасау мұның өз таңдауы және гомофилиямен байланысты ма әлде белгінің ықпалы ма екенін анықтай алады.

Италиядағы ғылымды сараптаушыларды бұл нәтиже таң қалдырмағанымен, уақыт аралығын көрсететін қатарды қосқанда басқа қызықты нәтижелерге қол жеткіздік. Әлеуметтанушылар халықаралық қауымдастықта белсенді және халықаралық зерттеу стандарттарымен жұмыс жасайды деген болжаммен халықаралық бірлескен қос авторлықты қарастырдық. Бір адамға шаққандағы бірлескен авторлардың жалпы санының пропорциясы ретінде италиялық емес бірлескен автор санын және мәліметтерді уақыт аралығымен есептегеннен кейін соңғы жылдары халықаралық ынтымақтастық қарқыны мен жарияланым санының да артқаны байқалады. Бұл тенденция өткен онжылдықтағы халықаралық ынтымақтастық көрсеткішінен 50% көп (суретті қараңыз).

Талдауды жалғастыру себеп-салдар факторларын жүйелі зерттеуді талап етеді. Дегенмен, осы тенденция – 2010 жылы құрылған ANVUR (Италия университеттік және зерттеу жүйелерін бағалаудың ұлттық агенттігі) зерттеулерін ұлттық бағалаудың және 2004 жылы жарияланған әлеуметтануды зерттеудің оң нәтижесі. Жариялау стратегияларын бейімдеу үшін ғалымдар біраз уақытын жұмсайтынын, әлеуметтанушылардың басым бөлігі, әсіресе, халықаралық журналдармен таныс еместері, беделді басылымдарда жариялану маңыздылығын ұғынғандай. Ал, халықаралық деңгейде басылымдары бар әлеуметтанушылар алғашқы инвестицияларын қайтару мақсатында халықаралық басылымдарға тағы да инвестициялау туралы шешім қабылдаған сияқты.

Біз институттық қысым ғалымдардың жұмыс қабілеттілігін арттыратын бейімделуді көрсететін қарапайым дарвиндік эффектіге ие деуден алшақпыз. Алайда, мемлекеттік және халықаралық деңгейде қор үшін бәсекенің күшеюі және университет пен бөлімдердің өнімді әрекетіне назардың артуы академиялық беделін жоғарылату мақсатында атақты халықаралық журналдарда мақала шығару маңыздылығы мен интернационалданудың кеңеюіне түртті болады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – «*Eppur si muove*» – «Дегенмен, ол қозғалыста»! ■

Хаттарды Фламинио Скуаццониге <flaminio.squazzoni@unibs.it> жолдауға болады.

> Итальян әлеуметтануындағы гендерлік стереотиптер

Аннализа Мургия, Лидс Университеті Бизнес Мектебі, Ұлыбритания және **Барбара Поджио**, Тренто Университеті, Италия

Трентодағы студенттер көтерілісі, 1968.

Италия әлеуметтануының гендерлік зерттеулерге көзқарасы айтарлықтай күрделі, себебі ол құбылыстар мен оқиғаларды итальяндық академизм тұрғысынан сипаттау мен Италиядағы феминистік қозғалыстардың дамуымен тығыз байланысты.

Гендерлік мәселе Италияның әлеуметтанулық пікірталас аясына бірнеше жаңашыл әлеуметтанушы әйелдердің арқасында 1970-жылдардың соңына таман енді. Көп елдердегідей Италияда да гендерлік туралы теориялық

>>

1968 жылы Трентодағы феминистер кездесуі.

пайымдар академиялық ортадан тыс жерде пайда болуы әйел құқықтарының теңдігіне қатысты саяси белсенділік және жасанды түсік пен ажырасу мәселелері төңірегінде пайда болды. Алайда, осы саяси белсенділік академиялық жүйе аясында саяси сипаттан тәуелсіз болуға тырысатын, ал әлеуметтану аясында саяси жауынгерлік және идеологиялық мақсаттарға байланысты тағылған айыптармен күресетін пән ретінде гендерлік зерттеулердің институттануына кедергі жасады. Дегенмен, итальяндық қоғам әуелден университеттік жүйеде көрініс тапқан дәстүрлі гендерлік жүйемен сипатталады. Кеңінен тараған гендерлік алшақтықты ғылыми мансаптан, әсіресе тұрақты «қайшылықтан» байқауға болады: түлектер мен аспиранттар арасында әйелдер ерлерден саны жағынан басым, ер адамдарға қарағанда, әйелдер арасында ғылым кандидаттары мен пост-докторлар көбірек, бірақ академиялық мансапқа келгенде әйелдердің саны күрт азаяды. 2015 жылы саяси және әлеуметтік ғылымдарда әйелдер толық профессорлардың 26%, ассоциацияланған профессорлардың 39,3%, профессор ассистенттерінің 46,7% құраған (Университеттік Зерттеу және Білім Министрлігі, 2016 жыл). Ғылыми журналдардың әсіресе, беделділерінің кеңесінде жұмыс атқаратын әйелдер саны тым аз.

Одан бөлек министрліктің орталықтандырылған жоспарымен байланысты ресми түрдегі шектеулі курстарды қарастыратын Италиядағы оқу бағдарламасының қатаң құрылымы жоғары білім саласындағы гендерлік зерттеулердің маргинализациясына әкеп соқтырады. Жаңа пәндерді – гендерлік зерттеулер сияқты – әсіресе, толық заңдастырылмаған болса немесе оны жақтаушылар төмен немесе аралық академиялық лауазымды иеленсе, енгізу қиын.

Сонымен қатар, академиялық ортадағы гендерлік зерттеулерге феминистік қозғалыстың өз ішіндегі таластар да ықпал етеді. Мысалы, Италияда маңызды рөл атқарған айырмашылық теориясы өзіндік сана мен сепаратизмге күдік ұялата отырып, патриархаттық және академиялық биліктің қамалы деп танылатын университеттерге сенімсіздік туғызды. Сарацено атап өткендей, академиялық бағдарламаларға әсер еткісі келетін феминистік бағыттағы ғалымдар, қабылданған институттық стратегияларды бұрыннан талқылап келеді: гендерлік зерттеулер мен әйелдерге арналған нақты оқу бағдарламасын енгізу керек пе немесе олар гендерлік мәселені зерттеу қажеттілігін есепке алуға тиіс пе? Итальяндық университет жүйесінің институттық сылбырлығын ескерсек, олардың көбісі назарды әйелдерге аудара отырып, одан кейін гендерлік мәселені бекітілген оқу бағдарламасына қосымша семинарлар, бастамалар мен іс-шаралар ретінде студенттерге тұрақты пән шеңберінде ұсынып, актуализацияны таңдады және ақыр соңында гендерлік зерттеу орталықтарын ашты.

XXI ғасырға дейін жалғасып келе жатқан гендерлік зерттеулердің мойындалған институттық мәртебесі үшін күресі тек 1980-жылдардың соңында ғана басталды. 2012 жылы Италия Әлеуметтанушылар Қауымдастығында арнайы бөлімнің ашылуы әлеуметтанудың институттануындағы маңызды қадам болды. Ондаған жылдар бойы Италиядағы гендерлік зерттеулер уақыт өте келе кең етек жайды, алайда бұл – үзілістер мен жүйесіздік тән даму. Бүгінде итальяндық академиялық қауымдастықта гендерлік зерттеулер бұрынғыдай нақты көрсеткіштермен шектелген: оқытушылардың аккредитациясы мен гендерлік ерекшеліктерді зерттеу, ғылыми қоғамдастықтар мен мекемелерде құрметке ие болған ғалым әйелдермен байланысты.

Одан бөлек, гендерлік зерттеулерге студенттер мен аспиранттарды даярлаумен байланысты мүмкіндіктер әлі де болса шектеулі. Бір сұраудың нәтижесі бойынша, 2011-12 жылдардағы бакалавр мен магистрлардың барлық курстарының тек 57 гендерлік мәселеге арналған. Бұл – әлеуетті мамандықтарда ұсынылатын курстардың ішіндегі ең азы. Гендерлік мәселеге арналған курстардың төрттен бірі әлеуметтану саласында; гендерлік зерттеулер бойынша арнаулы курс жоқ. Сонымен қатар, аспирантураның гендерлік зерттеулер бойынша курстарында шектеу бар: 12 мамандандырылған курс, алтауы магистранттарда, төртеуі докторантурада. Соңғы жылдары кейбір гендерлік мәселелерді көтеру немесе курстар аясын кеңейтуге қатысты тағы да бір сәтсіздіктердің орын алуы қаржыландыруды қысқарту мен үнемдеуге ғана байланысты емес, сонымен қоса гендерлік перспективаның қасақана саяси ұстаным үшін тұрақты айыпталуының тереңдей түскен жағдайында академиялық ортадағы құрмет үшін әлі де болса күресуінде, оған дәлел гендерлік зерттеулердің ғылыми негізінен бас тартуға бағытталған жақын арада орын алған ортодокс католиктік қауымдастықтар мен қозғалыстардың аты шулы науқаны. Мұның барлығы гендерлік зерттеуді мойындау мен оның таралуын шектеп, зерттеушілердің маргиналдануын күшейте түседі.

Әлеуметтік ғылымдардың әртүрлі пәні мен олардың аясынан тыс айтарлықтай нәтиже мен қомақты үлесіне қарамастан Италиядағы гендерлік зерттеулер, Ди Кори айтқандай, бүгінгі күні «тоталитарлық белгісіздіктің бейінін» сипаттайды. Тіпті, итальян университеттерінің мансаптық жолында тұрақты және айтарлықтай гендерлік тепе-теңдіктің болмауына байланысты әлеуметтануда гендерлік зерттеулер институттық оқу бағдарламасы аясында жүйесіз және толық заңдастырылмаған. ■

Хаттарды Аннализа Мургия <a.murgia@leeds.ac.uk> және
Барбара Поджиоға <barbara.poggio@unitn.it> жолдауға болады.

> Үстем пән:

Әлеуметтану Италияның Академиялық алаңында

Массимилано Вайра, Павия Университеті, Италия

Әлеуметтанудың ғылыми және академиялық пән екені жөніндегі Италия университеттеріндегі дау және оны мойындау – жақын арада болған жәйт. Академиялық ортада қолданысқа кеш енгендіктен әлеуметтанудың әлеуметтік деңгейде мойындалуы мен институттануы әлі де болса толық аяқталған жоқ. Демек, бүгінде әлеуметтану ғылым саласында үстем жағдайды иеленіп отыр. Бурдьенің көзқарасына сәйкес осы мақалада пәннің мәртебесі мен жағдайының басқа қырларын көрсетпес бұрын 2000 жылдардағы ахуалды оқытушылар, оқу курстары және кафедралардың саны туралы ресми ақпараттарды қолдана отырып, әлеуметтанудың итальяндық академиялық ортада институттану дәрежесі төменгі деңгейде екені, оның үстем жағдайы мен шектеулері сипатталады.

Әлеуметтануды жеңіл ғылымға жататын пәнаралық, бірақ, таза және қолданбалы зерттеулердің шекарасында тұрған пән ретінде қарастыруға болады. Теориялық, эпистемологиялық және онтологиялық негіздер туралы ойлар әлеуметтануды философияға жақындата түседі, сонымен қатар әлеуметтанулық құбылысты эмпириялық өлшеу арқылы әлеуметтік салада әртүрлі мақсатта жарамды қолданбалы білім береді. Өзге пәндер (мәселен, экономика, психология немесе физика) осы пәнаралық мазмұнды әлеуметтанумен бөліскенімен, көбінесе қолданбалы немесе таза тәсілдерге сүйенеді және бұл пәндер әлеуметтанудан гөрі білімді өндірудің теориялық және тәжірибелік/қолданбалы ішкі ерекшеліктерінің тиянақты әрі институттанғандығымен сипатталады.

Осыған байланысты академиялық саладағы әлеуметтанудың аумағы біршама шектеулі. Кеш әрі толық институттанбауын және пәнаралық ерекшелігін ескере отырып, академиялық ортада шектеулі шекарада қалып, қоғамдық пікірталастарда өзекті емес деп қабылданатын әлеуметтанудың әлі де ғылыми «сәйкестілігі» беймәлім жағдайда отырғанын байқаймыз.

Әлеуметтанудың осындай шектеулі позициясы, ғылым саласымен қатар қоғамда пәннің күш-қуатын әлсіретіп отыр, оған дәлел – ұлттық мәліметтердің пәннің институттанбағанын, академиялық саладағы мүшкіл жағдайын, тиісінше беделі төмен екенін нақты деректер арқылы шынайы көрсетіп отыр.

Италиядағы университеттер жүйесінің шамамен 900 мекемесінде (97 мемлекеттік, жеке және «виртуалды» мекемелер) ресми атауында «әлеуметтану» көрсетілген және қызметкерлердің басым көпшілігі әлеуметтанушылар болып табылатын бес ғана әлеуметтану факультеті бар. 2012 жылы (қолдағы соңғы мәліметтер) 16 мекеме студенттерге ұсынған 2687 курстың 18 ғана әлеуметтанудан болды; 18 мекеме ұсынған 2087 курстың 22 бітірушілерге арналды. 2016 жылғы PhD пәндері бойынша 913 бағдарламаның әлеуметтану бойынша докторлық бағдарламасы онға да жетпейді.

Бұл мәліметтер пәннің шекаралық жағдайын әдемі көрсетіп отыр, дегенмен өзге пәндермен салыстырғанда өмір бойғы келісімшарты бар оқытушылар туралы мәліметтер одан сайын айдан анық ете түседі. Төмендегі кестеде 2000 жылдар салыстырылған. 2015 жылғы Италия университеттерінің академиялық лауазымдарының жалпы санының 60% алты мамандық құрады. Кестедегі мәліметтер, әлеуметтанудың өзге қолданбалы пәндерге (мысалы, инженерия/сәулет, экономика/статистика, құқық) қарағанда, қаншалықты шекаралық екенін көрсетіп отыр, «тазарақ пәндер» (мысалы, өнер және математика), тіпті ұқсас академиялық тарихы бар психологияның өзі де белгілі бір деңгейде шекаралық табиғатымен салыстырылады.

Пәндік сала ретінде әлеуметтану еселенген ыдырау салдарынан өзіндік бөлшектенуден зардап шегіп отыр. Біріншіден, ол әртүрлі бөлімдер ішінде кең тарай отырып (мәселен, саяси ғылымдар, экономика, құқық, медицина,

>>

Жыл бойы пән оқытылған факультеттер саны							
	Инженерлік сәулет	Өнер	Экономика Статистика	Заң	Математика	Психология	*Әлеуметану*
2001	6241	1769	3794	3957	2494	872	685
2005	8738	1867	4406	4612	2575	1086	817
2010	8608	1670	4647	4765	2443	1239	933
2015	7802	1382	4309	4328	2171	1238	906

Итальян академиясындағы әлеуметтанушылардың шекаралық жағдайы.

инженерия/сәулет, гуманитарлық ғылымдар), басқа негізгі пәндер басым тұратын ортада екінші кезектегі қосалқы рөлді атқарады. Алайда, бұл өзге пәндер үшін де дұрыс (мысалы, математика экономика, инженерияның/сәулет, медицинаның бөлігі болуы мүмкін; психология, құқық саяси ғылымдар, әлеуметтану немесе экономиканың бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін), кейбір пәндер әлеуметтануға қарағанда неғұрлым бейімделген. Мәселен, Италиядағы әлеуметтанудың бес факультетімен қатар он өнер факультеті, он сегіз психология, жиырма заң, отыз бес математика, елу алты экономика, 137 инженерлік-сәулет (үшеуі Политехникалық институттың арнайы мамандандырылған мекемеге қарасты) факультеттері бар. Сонымен қатар әлеуметтану эпистемологиялық емес, «саяси» негізделген компонеттерге, яғни үш академиялық топқа бөлшектенген. Бұл итальян әлеуметтануына жалпы академиялық ортада және басқа пәндермен қатынасында біртұтас әдіснаманы қолдануына айтарлықтай кедергі жасайды.

Ақырында әлеуметтанулық ғылыми қауымдастық медицина, құқық, техника/сәулет, психология және белгілі бір деңгейде экономикамен салыстырғанда, кәсіби әлеуметтанушылар үшін аккредитация жүйесін құра алмады. Мұның екі жақты әсері бар. Біріншіден, бұл әлеуметтануды еңбек нарығындағы кәсіби сегментке қатысты әлсіретеді: әлеуметтанушы түлектер нақты білімі және дағдысы бар кәсіби маман болып есептелмейді (әлеуметтанушы – бесаспап әрі ныспы, балық та емес, құс та емес деп жиі айтады). Екіншіден және сәйкесінше, әлеуметтану академиялық саладағы ойыншы ретінде әлсіз: бұл - пән қатаң түрде «кәсіби мамандарды» даярлауға құлықсыз екенін, оның академиялық саладағы шекаралық жағдайын мәңгі ететін дерек.

Жалпы осы құрылымдық алғышарттар мен даму әлеуметтанудың үстем ахуалына импрессионистік түсінікті қамтамасыз етеді. Ғылыми, академиялық немесе әлеуметтік-экономикалық капиталы мардымсыз пән Италиядағы үш академиялық тіректің бәрінен алшақ орналасқан, соның ішінде ғылыми мойындалу тірегі, биліктің академиялық алаңы, экономикалық және әлеуметтік мойындалудың пенделік алаңы. Әлеуметтанудың жеткіліксіз капиталына қатысты үш өлшем пәннің символдық және материалдық ресурстарды алуда шектеулі мүмкіндіктерімен сипатталады.

Қалыптасқан жағдай – пәннің институттану тарихының нәтижесі, оның ғылым ретіндегі академиялық және әлеуметтік-анықталмаған мәртебесі, «еселенген ыдырау» жағдайы және кәсіби аккредитацияның болмауы – итальяндық әлеуметтануды академиялық алаңның иерархиялық кеңістігінде төменгі қатарға жылжытып, пәнді үстем және перифириялық етіп қалдырды. ■

Хаттарды Массимилано Вайраға <massimiliano.vaira@unipv.it> жолдауға болады.

> Жаһандық дәуірдің ақыры?

Мартин Олброумен сұқбат



Мартин Олброу.

Мартин Олброу – мансабын Макс Веберді зерттеуші ретінде бастаған және кеңінен танымал «Бюрократия» (1970) монографиясының авторы, көрнекті британ әлеуметтанушысы. «Жаһандану дәуірі: заманауилық шекарасынан тыс ахуал мен қоғам» (1996) атты жаңашыл кітабын жариялаған жаһанданудың алғашқы теоретиктерінің бірі. Сондай-ақ, «Макс Вебердің әлеуметтік теорияны конструкциялауы» (1990), «Ұйымдарда сезім бар ма?» (1997) кітаптарын жариялады. Әуел баста ұлы Норберт Элиастың көмекшісі болды, содан соң 1973 жылы Кембридж университетінде философия докторы дәрежесін алды. Ол әлемнің көптеген университеттерде дәріс оқыды. 1985-1987 жылдары Британ әлеуметтанулық қауымдастығының президенті қызметін атқарды, ХӘҚ «International Sociology» (1984-90) журналының негізін қалаушылардың бірі. Уэльс университетінің құрметті профессоры және қоғамдық ғылымдар Академиясының (Ұлыбритания) мүшесі.

Осы сұқбат профессор Олброудың Бухарест университетінің Ғылыми-зерттеу орталығы институтының (ICUB) әлеуметтік ғылымдар кафедрасы ұйымдастырған Бухарест университеті (Румыния) әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс факультетіндегі дәрістеріне орай жүргізілді. Интервьюерлер – Бухарест университеті әлеуметтану факультетінің докторанттары **Раиса-Габриэла Замфиреску** мен **Диана-Александра Думитреску**.

РГЗ: Сіз жаһандану әлеуметтануына алғаш түрен салдыңыз. Бұл қалай болды?

МО: Жаһандану, меніңше, салыстырмалы түрде кешірек келген салам деп есептеймін. Әлеуметтанудағы мансабым тарих бойынша дәреже алғаннан кейін ғана басталды. Әлеуметтанумен Лондон экономика мектебіне түскеннен айналыса бастадым, содан соң 1961 жылы оқытушылыққа көштім. Сол кезде Макс Вебер туралы диссертациямен айналысып жүргенмін. Диссертацияны дайындау өте көп уақыт алатын, себебі оқытушылық міндеттерім болды ғой – осылайша, қызығушылықтарым үйлеспеді. Ақыр соңында ұйымдарға ден қоюды көздедім. Алғашқы кітабым бюрократия туралы, 1970 жылы жарияланды.

РГЗ: Кітап сегіз рет қайта басылды.

МО: Иә, өте табысты жоба болды. Неге екенін білмеймін, себебі бұл кішкентай ғана кітап еді, алайда студенттер оны пайдалы деп тапты, көп жылдардан бері менің білетінім – осы. Менің академиялық мансабым қалыпты жағдай, профессор лауазымынан кейін Британ әлеуметтанулық қауымдастығының президенті болдым. Бұл - 1980-жылдардағы жәйт. Британ әлеуметтанулық қауымдастығының "*Sociology*" журналын редакциялау мені атақты етті, одан кейін мені Халықаралық

>>

Әлеуметтанушылар Қауымдастығының (ХӘҚ) "*International Sociology*" журналын редакциялауға шақырды. Бұл мен үшін үлкен қадам болды. Бұл "жаһандану" маңызды сипат алған 80-жылдардың ортасында орын алды. Макс Вебер бойынша жұмысымды аяқтауға тақағанда өзіме сұрақ қойдым: "Егер Макс Вебер бүгін тірі болса, не істер еді?". Ол әлемдік тарихтың осы жаңа бағытында жұмыс жасар еді деп ойладым. Барлық кезде геосаясатты назарында ұстады, сонымен бірге өзінің интеллектуалдық жобаларымен жұмыс жасады; саяси қайраткер болды, олай болса жаһандануға да қызыққан болар еді деп ойладым.

Сонымен мен Вебер бойынша кітабымды аяқтадым, тап сол 1990 жылы көмекшім Элизабет Кинг екеуміз жинаған жұмыстар топтамасы негізінде "*Жаһандану, білім және қоғам: "International Sociology" мәтіндерінен*" деген кітап шықты. Жұмыс Мадридтегі ХӘҚ Бүкіләлемдік конгресіне орай жарияланды және оның көшірмесі әлемнің сан тарабынан келген конгрестің барлық 4000 қатысушысына таратылды. Осылайша, біздің пән аясына "*жаһандану*" сөзі енді.

РГЗ: Регионализм мен жаһандануға қатысты соңғы оқиғаларға назар аудара отырып, Брекситтен кейінгі Еуропа Одағының келешегі туралы не ойлайсыз?

МО: Ілгерідегі ЕО көкейкесті мәселелерінің бірі – әлемнің басқа бөліктерінде жеткілікті дәрежеде мықты имиджінің болмауында деп ойлаймын. ЕО жаһандық мәселелер бойынша қатаң ұстаным көрсете алмады. ЕО ішкі саясатқа тым көп көңіл бөлді. Бұл әлсіз тұсы, дегенмен жиырмадан астам елді біріктіру және жүйелі бірдеңе құру күрделі. Аса күрделі. Брексит Еуропа Одағы үшін екі нәтиже беруі мүмкін. Бір жағынан, ЕО күшейтуге, бірігуге, кемшіліктерінің бар екенін мойындауға және өзін жақсырақ үйлестіру қажеттігіне ынталандыра алар еді. Осы сценарий бойынша Ұлыбританиямен келіссөздерде ортақ мақсатты табу оңайырақ. Британ үкіметінің Еуропа Одағының неғұрлым мықтырақ болғанын қалайтынын әділетті деп санаймын. Одақтың әлсіз болғаны ешкімге де керек емес. Сондықтан, егер барлық тараптар келіссе, бұл – сөзсіз жеңісті сәт, егер Ұлыбритания мен ЕО келісімге келе алса, ЕО мықтырақ болады. Бұл мүмкіндіктердің біреуі ғана. Екінші жағынан, барлығы абай болуы керек, себебі Британияны шығуға мәжбүрлеген күштер басқа да елдерді ЕО шығуға итермелеу ықтималдығы сақталуда. ЕО қарсы, жаһандануға қарсы, истеблишментке қарсы қозғалыстар бар бірнеше елдер тағы бар.

РГЗ: Әсіресе, босқындар дағдарысымен байланысты бүгінде сынға ұшырап жүрген адамдардың қозғалысына шекаралық бақылауға тыйым салған ЕО Шенген саясаты туралы не айтасыз?

МО: Шенген мәселесіне байланысты басшылар құзырлығы төмен екендігін көрсеткеніне куә болдық. «Біз келіссөздер жүргізе алмайтын ұстаным, біз ымыраға қол жеткізе алмаймыз» деген сияқты әңгіме өте көп айтылды. Ұстанымдар ешқашан толық жүзеге аспайды, барлық кезде ымыраға келуге болады. ЕО ұлы ұстанымы – капиталдың еңбектің, қызметтердің, тауарлардың еркін қозғалысы – бірде бір елде өзінің шарықтау шегіне жете алмады. Мысалы, адамдардың бір елден екіншісіне еркін жүріп тұруы заңдар мен әлеуметтік қамсыздандыру сияқты нәрселерге тәуелді өзгеріп отырады. Көптеген қалалар, мысалы, әлі де өзіндік баспаналық біліктілікті сақтаған. Еркін жүріп тұру туралы осы мәселені «бәрі немесе ештеңе» деген ұстанымды басшылыққа алмай Ұлыбритания мен ЕО арасында талқылау керек. Қателіктер босқындар дағдарысымен де байланысты. Меркель «кез келгеннің кіруіне рұқсат береміз» демеуі керек еді. Бұл саясатқа айналмады, бірақ жергілікті индентификациялардың тоқырауына алып келуі мүмкін болғандықтан, кейбір елдердің босқындардан түбегейлі бас тартуына мұрындық болды.

ДД: Әлеуметтік желі және әлеуметтік қозғалыстар туралы көп сөз қозғалып жатыр. Сандық байланыстың ықпалы қандай?

МО: Сандық технологиялармен қатар өсіп жатқан жастар барлық қозғалыстар цифрлану нәтижесі екендігін немесе сол жолмен жүзеге асып жатқандығын сезінуі мүмкін, бірақ цифрлануға дейін, сонау 1968 жылы бүкіл әлемде жастар қозғалысы болғандығын естеріңізге салайын. Сондай-ақ, 1960-шы жылдар ұлттық революциялармен және университеттердегі "*сілкіністермен*" байланысты контрмәдениет кезеңі болды. Мұндай қозғалыстардағы қызықты нәрсе – әр елде күтпеген жерден орын алатындығында. Міндетті түрде шекара арқылы үйлестіруді талап етпейді, себебі олар даму деңгейі ұқсас елдердегі ұқсас жағдайларға жауап ретінде пайда болған.

Цифрланудан саналуандық туындайды. Бұл міндетті түрде күтілетін басшылықтың емес, жаңа көшбасшылардың пайда болуына мүмкіндік береді. Жаһандануға қарсы қозғалысты алайық. Жиырма жыл бұрын, 1999 жылы, Сиэтлде Бүкіләлемдік сауда ұйымының жиыны үлкен оқиға болатын. Мыңдаған адам, әсіресе Канададан, Сиэтлге жиналды. Президент Клинтон кездесуде сөз сөйлеуі керек болатын, алайда шерулердің қырсығынан бас тартуға мәжбүр болды. Бұл жағдайды әлеуметтік желілерсіз-ақ қарапайым бұқаралық ақпарат құралдары әлемге жария етті. 1999 жылы Фэйсбук жоқ еді. Сондықтан цифрлану мүмкіншіліктері тым әсіреленіп жіберілген сияқты. Әрине, олар қарым-қатынас қарқынын да, жауап беру жылдамдығын да арттырады. Саясаткерлер мұны түсінеді, сондықтан әлеуметтік желілерді тікелей коммуникация құралы ретінде қолданады. Дәстүрлі баспа, газеттердің қысқарып жатқандығын мойындау қажет, дегенмен телеарналар рөлі аса маңызды, себебі теледидардың түрлі елдердегі адамдарды біріктіре алатын студиясы бар.

Цифрланудың басқа салалардағы – қауіпсіздік, бақылау, бөтен хабар мен хаттарды оқу – салдары ауқымдырақ. Биліктегілердің бірін-бірі жайлы, құпиялары туралы білуі және қорғалған ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі қарапайым қарым-қатынасқа қарағанда маңыздырақ. Енді мен жіберген немесе маған келген кез келген e-mail немесе ақпаратты білгісі келсе, тек бір рет басса, жеткілікті екендігін білемін.

>>

ДД: Әуелден-ақ әлеуметтанушылар үнемі метаморфозаларды қолдана отырып, қоғамды табғи ағзамен салыстыратын. Осы туралы не ойлайсыз?

МО: Енді, эволюция туралы айтып отырмыз ғой. Әлеуметтік өзгерістерге қарағанда, биологиялық өзгерістер процесі жақсы ұғынылады. Менің ойымша, мұның басты себебі – әлеуметтік өзгерістер кезінде мұраға қалу процесі, сәйкестену мен әлеуметтік құрылымдар қалыптасуының негізінде мәдениеттің болуы. Адам мәдениетінің ұлы қабілеттерінің бірі -адамдардың өздері дүниеге келген жағдайлардан, өздері тиесілі әлеуметтік бірліктерден босап шығуы. Адам тапқырлығы қауіп төндіреді. Адамзатқа қауіп төндіретін жою объектілері туралы айтып отырмын. Бомба туралы емес, биологиялық ағзаларды, вирустарды жасауы туралы айтамын. Биологиялық құрылымымызды өзгертуі мүмкін технологиялардың салыстырмалы түрде баяу прогресіне қарағанда, түрлі робототехникалардың дамуы көп жағдайда бізді керек етпеуі мүмкін. Тапқырлығымыз адамзатқа қауіп төндіріп тұр.

РГЗ:* "Жаһандық ғасыр"** ***ең әйгілі еңбегіңіз десе болады. Бүгінгі күні, әсіресе саяси динамика туралы дәйектеріңізге қатысты мұны қалай бағалар едіңіз?

МО: *"Жаһандық ғасыр"* жиырма жыл бұрын, 1990-шы жылдардың ортасында жазылды. Мені "*жаһандықтың*" жаңа тілі неге кең қолданысқа ие болғандығы қызықтырды. 1945 жылғы, содан кейін 1970-шы жылдардағы оқиғалар жаһандық мәселелерді, әлемдегі жаңа түйткілдерді мойындау екендігі туралы қорытынды жасадым. Бұл әлемдік экономикада өз мүддесін алға жылжыту мақсатында Құрама Штаттар қолданатын және тар мағынада идеология болып есептелетін жаһанданудан ерекше, яғни жаһандық мәселенің ерекше нұсқасы. Соғыстан кейінгі жылдары өзекті мәселелердің қатарында ядролық соғыс қаупі, қоршаған орта қаупі, кедейліктің кең етек жаюы, теңіздердің ластануы және т.с.с болды. Бұл мәселелерді тек жаһандық деңгейде ғана шешу мүмкін еді, сондықтан да жаһандық тіл мен үшін маңызды.

Жаһандану Американың үстемдігі тұрғысында саяси мәселеге айналды. Әсіресе, 1989 жылдан және Кеңес Одағының ыдырауынан кейін. Осылайша, *"Жаһандық ғасыр"* жаһандануды ортақ бір бағытта жүзеге асатын процесс деп қабылдаушыларға жауап ретінде жазылды. Жаһандық ғасыр – адамзаттың бір қауымға айналу қаупі бар ғасыр

Жиырма жылдан кейін қайдамыз? Жаһандық ғасыр саясаты екшеліп жатыр деп болжауға болады. Әлем екіге қақ айырылды. Бір жағында мәселенің неде екенін түсіне отырып, жаһандық әлемді пайдаланатын жаһанданған немесе білімді адамдар. Адамдардың осы тобы, әдетте, көшбасшылар немесе әр елде басым саяси полюс болып табылатын оппозиция. Ал екінші жақта – қалғандар. Екі жақ арасындағы айырмашылық алшақтап барады.

Жаһандық ғасыр саясаты трансұлттыққа айналды. Сондықтан, нақты бір елде болып жатқан жағдай жаһанданған саясаттың бір тұсы ретінде қарастырылуы қажет. Менің ойымша, қазір бұл – біз үшін айқын. Осылайша, кімде-кім Нидерландыдағы биліктің ауысуы немесе Эквадордағы өзгерістер туралы естігенде не оқығанда әлемдік элиталар арасындағы және жергілікті халықпен қарым-қатынасы тұрғысынан ұғынуымыз мүмкін. Міне – жаһандық фрэйм. Бір елде болып жатқан саяси жағдайды басқа жерде орын алған оқиғамен байланыстырмай түсіну мүмкін емес. Жаһандық ғасыр туралы қағидам - осы. Соңғы жиырма жылда болған жәйттар мұны тек күшейтті. Осыған қатысты, цифрлану тудырған айырмашылықтың алшақтығы соншалықты, адамдар жаһандық деңгейде фокустарын жоғалтып, желілерге, байланыстар мен қарым-қатынастарға қызығушылығы артты.

ДД: Кәсіби мансабыңызды саралай отырып, алғашқы қадамдарыңызды жасаған кезде қандай үш пәнді оқыр едіңіз?

МО: Мен жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар арасы қатаң бөлінген жүйеде тәрбиелендім, сондықтан жас кезімде-ақ жаратылыстану ғылымдарымен айналысуды доғардым. Енді, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардың интеллектуалды мәселелері арасында ортақ нәрселер өте көп. Суреттеу үшін қолдана алатын тіл мен күштің идентификациясына қатысты жаратылыстану ғылымдарындағы іргелі мәселелерді білгім келеді. Яғни алғашқы тілегім – ғылымдар туралы көбірек білсем.

Екінші тілегім: мектепте Қытайды тануға ынтам зор болған кезде де, Лондон экономика мектебіне түсіп, дарынды синолог жүргізген семинарларға қатысып, Қытай туралы баяндама жасағанымда да, нәтижесінде, 1980-ші жылдары Қытайға барғанымда да ешқашан, кәсіби жолымның бірде бір кезеңінде қытай тілін үйренбеппін. Оны қазір меңгеріп жатырмын. Он сегіз жастағы кезімде үйренбегеніме өкінемін, себебі – тілдің мүлдем басқа типі, ойлаудың басқа түрі. Он сегіз жасымда өмірге осындай көзқараспен қарау мен үшін керемет артықшылық болар еді.

Үшінші тілек: қайта жас болсам, дінді кең ұғынуға талпыныс жасар едім. Ағылшын шіркеуінің тәрбиесін бойыма сіңіріп, кейін білім алушы және агностикке айналдым. Жасым ұлғайған сайын әлемдік діндер терең білімге толы екеніне көзім жетуде. Әрине, осында Румынияда әйгілі діни ойшылдардың бірі Мирча Элиад бар. 50 жасқа келгенше, Элиадты оқымаппын, жиырма жасымда оқуым керек еді. ■

Хаттарды Мартин Олброуға <albrowm@hotmail.com>
Диана Думитрескуге <diana.dumitrescu@icub.unibuc.ro>
және Раиса-Габриела Замфирескуге <raisa.zamfirescu@gmail.com>
жолдауға болады.

> Косоводағы отаршылдық мұрасы:

Ибрагим Беришамен сұқбат

Ибрагим Бериша.

Ибрагим Бериша Косово республикасында туған. Ол Приштинада әлеуметтану мен философия бойынша бакалавриатты тәмамдады, содан соң Хорватияның Загреб қаласында аспирантурада оқып, байланыс әлеуметтануы бойынша PhD дәрежесіне қол жеткізді. Косовода және шетелдерде журналист, редактор болып бірнеше жыл жұмыс жасағаннан кейін қазір Приштина университетінің әлеуметтану факультетінде дәріс береді. Ол байланыс әлеуметтануы және әлеуметтік мәдениет туралы бірнеше кітаптың, сондай-ақ проза және поэзия жинақтарының авторы. Соңғы кітабы – «Отардың ажалы» (The Death of a Colony). Осы сұқбатты Приштина университетінің магистрі **Лабинот Кунушевчи** жүргізді.

ЛК: «Отардың ажалы» деген кітабыңызда Сіз Косово тарихын отар елдің тарихы ретінде баяндайсыз? Не туралы айтқыңыз келді?

ИБ: Біріншіден, отарлаушылар өзара бірі бірінен ерекшеленетінін естен шығармау маңызды, бұл отарланғандарға да қатысты. Бірақ қай мағынада? Айталық, отарлаушылар отарлау процесіндегі нарративтер терминдерімен, сонымен қатар осы нарративтерде жоспарланатын негізгі мақсатпен ерекшеленеді. Мысалы, Алжирді Францияның, Үндістанды Англияның отарлау мақсаттарында немесе Конгоны отарлаған Бельгияның мақсатында айырмашылықтар бар.

Косовоны сербтердің отарлауы біртіндеп экономикалық, саяси және экспансиялық мақсаттарды жұмылдыра отырып, терең бойлай түскен аңыздардан бастау алады. Сербтер 1389 жылы Косово түбіндегі «тарихты түзетуге» тырысқан шайқас арқылы Косовоны отарлаған болса, еуропалық мемлекеттер өзінің отарлау саясатын аңызға немесе ерекше тарихи оқиғаларды конструкциялауға негіздеген жоқ.

>>

ЛК: Отаршылдықтың басқа неғұрлым белгілі түрлерімен салыстыра отырып, Косовоны сербтердің отарлауы мақсаттары туралы кеңірек айтып бере аласыз ба?

ИБ: Мақсаттар да, процесс те ерекше: британ империясы Үндістан халқын жойғысы келген жоқ, алайда Сербия тырысты. Серб мемлекеті Косоводағы басым топ албандықтарға толық этникалық тазарту жүргізуге тырысты. Косовоны албандықтардан кез келген әдіспен мәңгілікке тазарту керек деген идеяның негізінде саяси интервенция заңдастырылды. Бұл бірнеше рет қайталанды, тіпті осы жақын арада – 1998-1999 жылдардағы қайғылы соғыс кезінде. «Ойындарға» серб мемлекеттік органдары ғана емес, сонымен қатар діни, мәдени, академиялық және көркемөнер мекемелері де қатысты. Басқаша айтсақ: француз көзқарасы тұрғысынан, Алжир – алжирліктер өмір сүрген жер, олай болса, француздар ақыр соңында Алжирден кетеді. Сербияның жағдайында Косово – албандықтар уақытша тұратын аумақ және олар толық жойылмайынша, оккупация – қажеттілік.

ЛК: Отарлау стратегиялары мемлекеттік жобалармен үйлестірілген немесе дұрысы, қоныс аударушылар қалыптастырған деп есептейсіз бе?

ИБ: Отарлау стратегиялары нақты нәтижелер алуға бағытталған; Косовода ол әлеуметтік-демографиялық өзгерістер болды. Косовода қалалық және ауылдық құрылым мен сәулет жиырмасыншы ғасырда сербтер қоныстанған жерлерде өзгерді. Ортағасырлық тарихты қайта қалпына келтіру осы өзгерістерге, сонымен қатар иконографиялық бейнелерді жасауға, жаңа ауылдар мен қалаларды, мектептерді, жолдарды салуға, экономикалық серпінге түрткі болды және шабыттандырды. Ауылдар мен қалаларда тұрғындарды ұйымдастыруды өзгерту оңай болды, себебі серб әкімшілігі әскери сардарларымен, жандармериямен, сот және тіпті саясаткерлерімен қоса үстемдік етті. Аграрлық реформа үшін деп албандық заңды иелерінен тартып алынған қожалықтар отарлаушы қоныс аударушыларға берілді.

Коммунистік дәуірдегі соңғы аграрлық реформа ауылдағы отбасыларына он гектардан ғана жер мен орман қалдырды, бұл – отбасылық экономиканы құртқан мүліктен айырудың тамаша үлгісі. 60 және одан көп мүшесі бар ауыл отбасы 1950 жылы он гектар жерде қалды. Міне осы кезде экономикалық миграция басталды. Жастар Белград пен Югославияның басқа қалаларына қара жұмыс жасауға ағылды. Зергерлер, наубайшылар, кондитерлер, жалпы қолөнершілер Косоводан кетті, себебі олардың өнімін сатып алушылар болған жоқ. Алайда, олар өз отбасыларымен байланыстарын жоғалтпады, үйлеріне қаражат салып тұрды.

Отарлаушылар қай жерде болмасын орталық үкіметтің тарапынан толық қаржылық қолдауға ие болып отырды. Осы әлеуметтік-демографиялық процесс іс жүзінде қандай? Егер 1912 жылы сербтер Косово халқының 5% құраса, 1939 жылы осы көрсеткіш 40% асты. Отарлау демографиялық құрылымды ғана емес, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік және мәдени ландшафты да өзгертті. Ауылдардағы және урбандалмаған аймақтардағы албандықтардың сегрегациясы оларға әлеуметтік өзгерістердің нәтижесін пайдалануына мүмкіндік бермеді. Кейін осы оқшаулануды албандықтарды екінші сұрыпты азамат ретінде қарауды ақтау үшін саяси истеблишмент қолданды. Көп жылдар бойы албандықтардың білім алу құқығы болған жоқ (мысалы, албан тіліндегі университет курстары тек ғана 1970 жылы басталды), олар өз қожалықтарынан айырылып, кедейленді және оқшау орамдарда орналасты. Бұрынғы Югославиядағы барлық халықтардың ішіндегі тілі славяндық емес те албандықтар болатын, оқшаулану факторының тағы бірі – осы.

ЛК: Әдетте, коммунистік кезеңдегі Титоның қол астында албандықтар неғұрлым тиімді саяси және экономикалық жағдайда болды деп саналады. Бұл рас па?

ИБ: Белградтағы үкімет албандықтардың тең қауымдастық болуына, яғни албандықтар мен сербтерге тең құқықтар мен міндеттер беруге келіспес еді, 1966 жылдан бастап Тито билігі кезінде болған жағдай нақты реформа емес, жәй көзбояушылық ғана. Албандықтар сербтер мен хорваттардан кейінгі Югославиядағы саны жағынан үшінші топ болды, бірақ югослав мемлекеті бұл бағытта белсенді жұмыс жасады. 1950-жылдары мемлекеттік қудалаудан қашып 200000 жуық албандықтар Косоводан көшіп кетті, ұлттық идентификацияның жаппай өзгеруі орын алды: Югославиядағы «түріктер» саны 260% артты, 1953 жылы 97 945 ден 1961 жылы 259 536 дейін, олар негізінен базбір кие іздеп, өз идентификациясын өзгерткен албандықтар еді.

Тито дәуірінде отарлау қанатын кең жайды. Қорғасынға, күміске, көмірге, магнийге және басқа да минералдарға бай Косово табиғи қазбалар аймағы ретінде қабылданды, бірақ кен негізінен Сербияда, Воеводинада және басқа жерлерде өңделді. Міне сондықтан, Косово дамудың кенжелеуінен үнемі зардап шекті.

ЛК: Сербтердің Косоводағы саяси, ұлттық және мәдени үстемдігін албандық әлеуметтану қалай қарастырды?

ИБ: Косоводағы албандық әлеуметтану әлі жас және көптеген жылдардан бері догматизм мен доктринаризм үстемдігінің ықпалында; әлеуметтану мен философия кафедрасы Приштинада тек 1971 жылы ғана ашылды, ал әйгілі албандық әлеуметтанушы, профессор, "*Әлеуметтанулық және саяси зерттеулер*" деген атақты кітапты жазған Феми Агани 1999 жылы Косоводағы соғыс кезінде дарға асылды. Приштина Университеті әлеуметтану факультетінің тағы бір профессоры Укшин Хоти, 1990-жылдары сөз бостандығын насихаттағаны үшін саяси айыптаумен қамауға алынды. Ол 1999 жылдан бері хабар ошарсыз жоғалып кеткендердің тізімінде. Профессор Хоти Құрама Штаттарда білім алған, саяси әлеуметтанумен айналысқандардың бірі болатын.

Бүгінгі күні жас әлеуметтанушылар тобы тақырыптар аясына мәдениетті, әлеуметтік құрылымды, дінді,

>>

гендерлік теңдікті, коммуникацияны, саясатты және т.б.қосып, кеңейтіп отыр. Жас әлеуметтанушылар негізінен шетелде білім алғандар, олар әртүрлі әдіснамалық білімді таратып, саналуан мәселелерді зерттеуде. Осы жас ғалымдардың бұдан былай әлеуметтанумен көзәйнек, яғни насихатшыл және мешеу әлеуметтанулық сыни перспектива болып табылатын идеологиялық көзәйнек арқылы айналыспайтыны – прогресс белгісі.

ЛК: Отарлаудың бүгінгі салдары қандай?

ИБ: Бүгін біз постколониялық, постсоциалистік кезең туралы айта аламыз. Қиын кезеңнен соң Косово халықаралық қаржылық, саяси және мәдени мекемелерге интеграциялануға тырысып, қайта құру дәуірін басынан кешіруде. Алайда, интеграция үміт отын жаққанмен, азаматтар күткен нәтижені берген жоқ. Сенімсіздік, қозғалыс бостандығының болмауы, жұмыссыздық (әсіресе, жастар арасында) адамдарға өткен шақты және бұрынғы қанау мен мешеулікті еске түсіреді.
Әлеуметтік теңдікті неғұрлым дамыту саясатының сәтсіздікке ұшырауы жастарды немқұрайлылыққа итермелеуде. Жастардың басым бөлігі әлемдік еңбек нарығын өз болашағын құрудағы мүмкіндігі ретінде қарастыра отырып, Косоводан кеткісі келеді. Бірақ әлемдік нарықтағы табыс білім беру жүйесін инвестициялау мен өзгерістерді талап етеді.

ЛК: Косоводағы ортаға аңыз, мадақтау, индоктринация және насихат қалай ықпал етті және албандықтардың бойында толымсыздық сезімін қалай тудырды? Албандықтар серб мемлекетіне қарсылық көрсете алды ма?

ИБ: Балқан – қиялдардың үлкен бағы. Болашақта осы «керемет естеліктерге» кім иелік етеді? Интеллектуалдар, суретшілер мен ортаңқол саясаткерлер. Олар көпшілікті тыныштандыру үшін отан, ұлт, батырлар және әпсана сияқты алдамшы сөздерді қолданады. Олардың тілінде менмендік пен қорқытуға толы фольклорлық патриотизм мен мадақтау басым. Өздері басқарып отырғандардың қамын жемей-ақ билік үшін күресетін саясаткерлерге қызмет етеді. Олардың көбі қоғамдастықтың назарын өздеріне аударуға тырысып, тек жұмыс пен жайлы өмірді қалайтын адамдардың сезімдерінде ойнап, кешегі күнмен тіршілік етеді.
Біздікі сияқты әлеуметтік ортада индоктринация кеңінен тараған. Соңғы бес жылда саяси бос кеңістікті толтырып және үмітсіздік сезімінде ойнаған насихатқа жауап ретінде жас азаматтардың біразы Сирия мен Ирактағы ИГИЛ-ге қосылды.

ЛК: Бүгін югослав мәселесі Косово саясатында қандай рөл атқарады?

ИБ: Югославия – тарих. Ол географиялық жақындық пен оңтүстік славяндардың тарихи, ұлттық және тілдік байланыстарының негізінде қалыптасқан мәдени және саяси қозғалыстан пайда болды. Бұл құрылым өмір сүре алмады, себебі ол теңдік принциптеріне жүгінбеді. Албандықтар әбден зардап шекті, міне сондықтан бүгінгі күні саяси санада Югославияға орын жоқ. ■

Хаттарды Ибрагим Беришаға <iberisha5@hotmail.com>
және Лабинот Кунушевчиге <labinotkunushevci@gmail.com>
жолдауға болады.

> Апаттан кейінгі

Отаутахидегі энергиялық саясат

Стив Мэтьюман, Окленд университеті, Жаңа Зеландияның Аотеароа Әлеуметтану қауымдастығының президенті

Собор алаңы, Ōtautahi (Христиан шіркеуі) 2011 жылғы зілзаладан кейін.

Бұрын-соңды болмаған байлық теңсіздігі, ғаламдық жылыну және жаппай қырып-жою мүмкіндігінің алдында тұрған қарқынды урбандалған әлемде қалада тұрақты және әділ өмір сүру мәселесі әлемдік және тарихи маңызға ие болды. Әлем халқының көпшілігі қала тұрғындары. 2050 жылға қарай әлем халқының үштен екісі қалаларда өмір сүретін болады және қоғам барынша тең емес күйге көшеді. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның айтуынша, «жаһандық теңсіздіктің артуы, табиғи қауіп-қатер әсерінің күшеюі, жылдам урбанизация және энергия мен табиғат ресурстарын артық тұтыну болжауға келмейтін күрделі жаһандық қауіп төндіреді».

Қалалар энергияны бей-берекет тұтынады, сондықтан олардың мәселелерін шешу тұрақты энергиялық болашақ үшін өте маңызды. Олар қазіргі таңда жаһандық табиғи энергия сұранысының төрттен үш бөлігін тұтынуда. Урбанизация болжамға сәйкес жүзеге асса, 2030 жылға қарай жерді тиімді пайдалану және энергетикалық инфрақұрылым сияқты қала мәселелеріне шамамен 90 триллион АҚШ доллары қажет. Халықаралық энергиялық агенттік келесі онжылдықта осы көрсеткіштің 16 триллион АҚШ доллары энергиялық инфрақұрылымға және оның басым бөлігінің электр қуаты секторына жұмсалатынын болжауда. Сондықтан, қуат өндіру және инфрақұрылым мәселесінің маңызы зор.

Жаңа Зеландия – әлемдегі ең урбандалған елдердің бірі. 1980 жылдардан бері ол әлемдегі экономикалық теңсіздіктің тереңдеуін көрсетті. Біз жақында оның қалаларының бірінде энергиялық инфрақұрылымға баса назар аудара отырып, «Апаттан кейінгі Отаутахидегі (Крайстчерч) электр қуаты» атты үш жылдық зерттеу жобасын бастадық.

Әдетте, қаланы толығымен қайта құру мүмкін емес. Бірақ 2010 және 2011 жылдары орын алған Кентерберидегі жер сілкіністері тұрақты және әділеттілік қағидасына сай жаңарып, табиғи апаттарға, халықтың өсуі және климаттың антропогендік өзгеруі сияқты болашақ оқиғалардың күйзелістеріне және стрестеріне қарсы тұруға қабілетті инклюзивті және икемді

>>

электр қуатының жүйесін құру үшін керемет мүмкіндік берді.

Біз Крайстчерчті дүние жүзі лабораториясының бір түрі ретінде қарастырамыз: зерттеушілер мегаполистерге жиі назар аударып жатқанда, қазір әлем тұрғындарының басым бөлігі жарты миллион немесе одан аз халқы бар шағын қалалық орталықтарда өмір сүріп жатыр және болашақта да солай болмақ. Крайстчерч сияқты барлық қалалар климаттың өзгеруі мен теңіз деңгейінің көтерілуімен күресуі тиіс. «Крайстчерчтің де басқа да заманауи қалалар сияқты табиғи қауіп-қатерлері болған... алайда, мұндай қатерлер кенеттен орын алған жер сілкінісінің нәтижесінде толық әшкереленді. Крайстчерч шығысының көп бөлігін бір метрге дейін су басты. Алып мұхитпен бір деңгейде қалғанда не күтуге болады, мәселені қалай шешуге болады деген сұрақтар үшін ол халықаралық сынақ алаңына айналды».

Алғашқы қарқыны жаман емес. Онымен шамалас әлемнің ешқандай қаласына мұндай жоғары деңгейдегі инвестиция тартылған емес. Крайстчерч – энергияны пайдалану кезінде мезеттік көрсетуді дамытуға, қала тіршілігін жақсартуға арналған форумның «Болашаққа бастайтын қалалар» бағдарламасына қатысқан Жаңа Зеландияның алғашқы қаласы. Ол, сондай-ақ Рокфеллер Қорының 100 Тұрақты Қаласы тізіміне кірді.

Дегенмен, жер сілкіністері ұсынған «таза параққа» қарамастан, бизнес әдеттегі үлгіде жүзеге асуда. Электр қуаты әлі күнге дейін бірнеше жеке корпорациялар монополияға айналдырған қосу және тарату негізінде жұмыс жасайтын ірі гидроэнергетика арқылы іске қосылған, күн жүйесінің қуатын пайдалану инфрақұрылымдары тапшы, тұтынушы таратын қуат минималды болып табылады, Жаңа Зеландия жел қуатының ресурсына бай болғанымен, олар жетілдірілмеген.

Бұл жағдайды электр қуатымен қамтамасыз етудің ауқымды тұрғысында қарастырсақ, үміт елеске айналады. XX ғасырдың ортасында Жаңа Зеландияның Аотеароасы барлық электр қуатын өз күшін геотермалдық қуаттан өндіретін гидроэлектростанциялардан өндірді. Алайда, бүгінгі күні қазба отындары электр энергиясының құрамының үштен бірін құрайды – Бенжамин Совакул мен Шармин Уотс атап өткендей, Жаңа Зеландия электр қуаты секторының «уақыт талабына сай жаңартылмауымен ерекшеленеді».

Теориялық тұрғыда, 100% жаңартылатын энергия көздеріне ауысу аса қиын қадам емес. Жаңартылатын энергия көздерінің пайдасы белгілі және қарсылық тудырмайтыны рас. Олар бір киловатт сағатта шығаратын ауа ластануын төмендетіп, отын бағасының болжамды және тұрақты болуын қамтамасыз етіп, парник газының шығарындыларын азайтып, өз жұмысында суды азырақ тұтынып, тиімділікті арттырумен қатар жергілікті жұмыспен қамту мүмкіндіктерін жақсартады. Қысқаша айтқанда, жаңартылатын қуат көздері анағұрлым тұрақты, экономикалық тұрғыдан пайдалы болып табылады және жергілікті қауымның қатысу мүмкіндіктерін кеңейту арқылы құқықтар мен мүмкіндіктерді жетілдіреді.

Іс жүзінде де жаңартылатын энергия көздеріне көшу қиынға түспейді және озық технологияларды қолдану арқылы толығымен жүзеге асуы мүмкін. Аотеароа табиғи қазбаларға бай; Үкіметке сенсек, Жаңа Зеландия – бір адамға шаққандағы жаңартылатын ресурс бойынша әлемнің үздігі, жел ресурсы, мол күн сәулесі, көлдер мен өзендерге бай. Совакул және Уатс болжамына сәйкес, 2020 жылға қарай геотермалдық көздерді қосқанда электр энергиясы секторын толығымен жаңартуға болады.

Алайда, энергиялық мәселелер әрдайым саяси және экономикалық мүдделермен байланысты. Жаңа технологияларды пайдалану немесе табиғи ресурстардың сарқылуы әлеуметтік, мәдени және институттық факторларға, оның ішінде мемлекеттік саясатқа қарағанда, мәнсіз көрінеді. Бірнеше рет энерия сарапшылары мен жергілікті белсенділерге қарағанда, саяси элиталар мен индустрия «қасқырларының» мерейі басым болды – 100% жаңартылатын энергия көздеріне (әсіресе, жергілікті шағын генерацияға) ең үлкен тосқауыл – ірі, шоғырланған зауыттар.

Сондықтан, әлеуметтанулық зерттеулер негізгі шешімдерді қабылдайтындарды, олар мұндай шешімдерді неге сүйеніп жасайтынын және оның салдары қандай болатынын анықтау үшін өте қажет. Дегенмен, әлеуметтік ғылымдар негізінен энергия мен инфрақұрылымды, яғни қазіргі заманның өмірлік матрицасын осыған дейін елемей келді, бірақ бұл жағдай соңғы жылдары өзгере бастады, себебі энергия жүйелері әлеуметтік жүйе ретінде танылып келеді. Әлеуметтік ғылымдарда «инфрақұрылымға бет бұру» белгілері пайда болғандықтан, жаңа бағыт инфрақұрылымның не екенін (жеткізу құралдары мен басқару жолдары) және олардың әрекеттерін (табиғат пен мәдениет арасында делдалдық ету, әлеуметтік және экологиялық жеңілдіктер мен зияндарды тарату, жаһан мен жергілікті байланыстыру, біз білетін заманауи өмір ағынын қамтамасыз етуді) зерттейді.

Қалаларды қалпына келтіру – күнде қайталана бермейтін күрделі міндет. Мұндай жұмыстар Жаңа Зеландиядағы Аотеороада соңғы рет 1931 жылы Напьер жер сілкінісінен кейін атқарылған еді. Крайстчерчте бүгінгі күнде көп жұмыс әлі аяқталмаған: қалпына келтіру баяу, ауыр және өте қиын жүріп жатыр. Кентербери тұрғындарының арасында жүргізілген сауалнама үкіметтің қалпына келтіру басымдықтарына қанағаттанбаушылық деңгейі өршіп тұрғанын көрсетті.

Бірақ үміт отын сөндірмейтін ресурстар да бар. «Крайстчерктегі жер сілкіністеріне және одан кейін қаланы қалпына келтіруге бағытталған «Маори апатқа қарсы әрекет менеджменті үздік тәжірибе үлгісін көрсетті,» – деп жазады Кристин Кенни мен Сюзанн Фиббс.

«Төтенше жағдайларды басқару кезінде Маори тәуекелдерді басқару жөніндегі бастамалары «Кафапа» (мәдени құндылықтар), әсіресе «ароха нуйи де сенгата» (барлық адамдарға деген сүйіспеншілікті кеңейту) құндылығының арқасында тиімді әрі бірізді жүзеге асты». Отаутахи тұрғындары өз қалалық өмірін жақсартуға бағытталған «уақытша урбанизм», яғни қоғамдастықтың бастамасымен салынған уақытша құрылыстар, қауымдық бақтар, іс-шаралар алаңдары мен саябақтар салуда әлемдік деңгейдегі шығармашылықты танытты.

Аталмыш қауымдастық инновациялары анағұрлым ірі қалалық құрылымдарға сабақ бола ала ма? Нөлден бастап қайта құру процесіне негізделген үшжылдық зерттеу бағдарламасында үйренген сабақтар сенімді, транспарентті, әділ, мәдени тұрғыдан үйлесімді және тұрақты электр жүйелерге көшуді жоспарлағанда инновациялық түсініктермен, тәжірибелік басшылық, ақылды саясатпен қамтамасыз етеді деп үміттенеміз. ■

Хаттарды Стив Мэтьюманға
<s.matthewman@auckland.ac.nz> жолдауға болады.

> Апаттан кейінгі кеңістіктегі спорттық шығармашылық

Холли Торп, Вайкато университеті, Аотеароа, Жаңа Зеландия

Холли Торп жаңа скейт-парктердің бірінің алдында суретке түсті.

Соғыс және апат жағдайларындағы ең әлжуаз топ – жастар мен балалар. Дегенмен, табиғи, әлеуметтік, психологиялық, саяси қатыгездік көрген балалар мен жастарға қарапайым «құрбан» ретінде қарау – олардың бірегей шығармашылық және тапқырлық қасиеттерін елемеумен тең.

«Тапшылық үлгісінің» шеңберінен шығу мақсатында соғыс, қақтығыс және апат жағдайындағы жастардың ғұмырлық тәжірибесін сипаттауға бағытталған үш жылдық салыстырмалы зерттеуді бастадық. Royal Society Marsden қорының жобасына қосылған келесі екі кейс саяси тұрақсыздық және созылмалы жанжал жағдайында спорттың бәсекесіз түрімен айналысатын балаларға арналған: біріншісі – Ауғанстандағы әл-ауқаты төмен отбасыларға арналған Skateistan үкіметтік емес скейтборд мектебі; екіншісі – Газа секторындағы төменгі дәрежедегі паркуртоп. Басқа екі кейсте табиғи апат салдарында және оның қайта қалпына келуі кезінде өмір сүруге мәжбүр жастар өміріндегі қатыгез спорттың әлеуметтік, психологиялық, азаматтық маңыздылығын зерттеп жатырмыз: қазір 2010 және 2011 жылдары жер сілкінісі болған Крайстчерч және 2005 жылы Катрина құйыны өткен Жаңа Орлеанды қарастырудамыз.

Жаңа Зеландияның Крайстчерчіндегі жер сілкінісінен кейінгі уақытта жастардың спортқа қатысып, азаматтық қоғамға араласуына қатысты жүргізген зерттеуіміздің алғашқы нәтижелері бірқатар ерекшеліктерді анықтады: жастар топтарға бірігіп, өз араларында билік құрылымдарын құрады. 185 адам қаза тауып, көптеген адамдарды жарақаттаған 2011 жылғы жер сілкінісі қала орталығы көшелерін ойрандап, 200 астам тұрғын үйді жермен жексен етті. Жер сілкінісі жолдар, ағын сулар мен ауыз су сияқты өмірлік маңызды инфрақұрылымдармен қатар спорттық ғимараттарды (мысалы, спорт залдары, ойын алаңдары, бассейндер, клубтық бөлмелер, стадиондар) да бұзды. Мұндай нысандардың қирауының зардабы бірден сезілмегенімен, бірнеше апта, айлардан кейін адамдар бұрынғы өмір салтын қалпына келтіруге кіріскенде қатты білінді. Ұйымдастырылған, бәсекелестік және рекреациялық спорт түрлерімен айналысатын спортшылар мен тұрғындардың жер сілкінісінен кейінгі тәжірибесін назардан алыстатпай, бәсекесіз, реттелмейтін әрекет немесе «өмір салты» спорты бойынша кәсіпқой қатысушылардың тәжірибесіне, адамдардың жер сілкіністерінен кейін спортпен айналысу салтын қайта бейімдеу жолдарын қалай үйренгеніне назар аударамыз.

Жер сілкінісінен кейін көпшілік үшін отбасы мен жақындарының амандығы және әл-ауқатымен салыстырғанда, спорттық іс-шаралар мәнсіз көрінген. Алайда, жер сілкінісінен кейін бірнеше апта өткен соң, олардың көпшілігі спорттық өміріне қатысты залалды

>>

сезінді. Кәсіпқой серфер Эмма түсіндіргеніндей, «Барлығын жайғастырып бола салысымен, өміріміздің үлкен нәрсенің ғайып болғанын түсіндік». Көпшілік үшін сүйікті спорттық кеңістіктерге зиян келтіргендері олардың үйреншікті, жандарына жақын спорттық тәжірибелері бұзылды. Скейтбордшылар үшін қала орталығының «қызыл аймаққа» айналуы сүйікті қалалық ойын алаңдарын жоғалтуды білдірді. Альпинистер өздерінің ішкі өрмелеу қондырғыларына ғана емес, Порт Хиллздегі жүздеген өрмелеу бағыттарына да қол жеткізе алмады, ал тау велосипедшілері ауданда жүздеген жолдарды жоғалтты. Крайстчерч қалалық кеңесі ірі канализация желілеріне тиген залал нәтижесінде тазартылмаған ағын суларды өзенге шығаруға мәжбүр болды, бұл 9 ай бойы жергілікті жағажайларды жабу, жергілікті серферлердің және басқа жағажай пайдаланушылардың күнделікті жұмыс тәртібін бұзды.

Зерттеу қатысушыларының бір тобы спорттық нысандардың бұзылуын күшті табиғи, эмоциялық және психологиялық қиындықтармен сипаттаса, басқалары сүйікті спорт орындарының ғайып болғанына қатты қайғырды: «Жоғалтқан нысандар үшін өзімді қайғылы сезінемін», - дейді жапондық альпинист Юкими. «Сүйікті шыңдарым бар еді, жобаларым сонда болды, оларды сағынамын».

Мәдени географ Тим Эдзенс «өздеріне таныс қалыпты кеңістікті, күнделікті ырғақты және уақытты қалпына келтіруге тырысып, ірі кемшіліктің салдарын азайтуға тырысады» деп жазады. Бұл спортты өмір салтына айналдырған көптеген Крайстчерчте тұратын спортшыларға қатысты, олардың көбі күнделікті күйзеліске қарсы күресу, жеке және ұжымдық өзіндік ерекшеліктерін қалпына келтіру және жаңа Кристчерч мүшесі болу сезімін күшейту үшін спорттық сымбатына тән ырғақ пен өмір салтын іздейді. Мысалы, шынайы құмар серферлер Крайстчерчтен басқа ластанбаған серфингке арналған жағаға жиналды, ал альпинистер топтық боулдеринг ұйымдастырды, ал жағажайлар мен боулдеринг Алисон Улиамс атағандай, «жанға дауа пейзажға» айналды.

Крайстчерч тұрғындарының кейбірі үшін спорттық жарыстар күнделікті өмірдегі қиындықтардан (уақытша болса да) құтылуға көмектесті. Мысалға, Арон, кәсіпқой саяхатшы, құрдастарымен әлеуметтік өзара әрекеттесуі үшін серфингтің маңыздылығын сипаттады: «серфингтің қауымдасуға күшті ықпалы бар... серфингтен қайтып келгенде, кем дегенде бірнеше күн тыныш, уайымсыз боласыз».

Кейбір Крайстчерч жастары жер сілкінісінің салдарына қайғырудың орнына, шығармашылықпен айналысуды жөн көреді. Өздеріне тән «өзімен өзі болу» және «авторитарлыққа қарсы қарым – қатынас» үлгісіндегі мәдениетін ұстанып, кейбір скейтбордшылар бұзуға арналған ғимараттарда жабық скейт парктер құрды. Трент мұны «жоғарыдан қарап, бізді скейттен басқаны білмейтіндер деп ойлайтын адамдарға салют» деп сипаттады. «Бәрі құрыды» деп жылағаннан «Біз бірдеңе жасап жатырмыз» және «сынған заттармен қалай пайдалана алатынымызды қараңдар», – дейді. Жер сілкінісінен зақымдалған кеңістіктерді шығармашылықпен пайдалану арқылы скейтбордшылар жер сілкінісінен кейінгі қала кеңістігінің жаңа көрінісін жасады. Осылайша, олар жер сілкінісінің кеңістігін өлі, зақымданған және бұзу үшін ғана жарамды деген ойды жоққа шығарып жатты.

Жер сілкінісінен кейін балама спорттық тәжірибе апаттың табиғи және эмоциялық географияларын қайта анықтауға және әлеуметтік желілер мен байланыстарды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бірақ мұндай іс-шаралар, сондай-ақ, спорттық және коммерциялық аспектілерді қамтуы мүмкін. 2015 жылы американдық Леви Страустың корпорациясы қоғамдастықтың скейт-паркін салу үшін 180 000 АҚШ доллары көлемінде көмек беру туралы шешімін жариялады.

Жергілікті жасөспірімдер мен ата-аналардың басым бөлігі Levi's демеушілігіндегі скейт алаңды бірауыздан қолдады. Трансұлттық корпорациялар инвестицияларын сынаудың орнына ұсыныстарды құшақ жая қарсы алды. Дегенмен, бірнеше жергілікті тұрғындар Леви Страустың Крайстчерчтегі табиғи апат салдарына инвестициясының экономикалық мотивтеріне және осы процестегі жергілікті Кеңестің қатысына алаңдаушылықтарын білдіру үшін онлайн форумдарды пайдаланды. «Levi's – бұл өздері үшін үздік кейіпті іздейтін трансұлттық компания, олар қауымдастық үшін ешқандай қамқорлық жасамайды», – деген жергілікті тұрғындардың сөздері, Наоми Кляйннің «апаттық капитализмін» еске түсірді. Онда халықаралық корпорация жер сілкіністерінен туындаған төтенше жағдай кезінде Кеңес спорттық-сауықтыру мекемелерін қаржыландыра алмағанда бірегей маркетингтік мүмкіндікті пайдаланады.

Жалғасып отырған зерттеуіміз соғыс және апат жағдайындағы өмірді жақсартуға бағытталған бейресми спорттық шаралар атқара алатын түрлі мүмкіндіктерге және осындай талпыныстарды шектейтін немесе оны қолдайтын түрлі билік формаларына арналған тұңғыш ғаламдық зерттеу болуы мүмкін. Біздің зерттеуіміз жергілікті жағдайға өз жауаптары бар тапқыр жастарды және олардың жаһандық күш құрылымдары мен трансұлттық желілер ықпалына түсуін көрсетеді. ■

Хаттарды Холли Торпқа <thorpe@waikato.ac.nz> жолдауға болады.

> Үнсіздік

Элизабет Стэнли, Веллингтондағы Виктория университеті, Аотеароа, Жаңа Зеландия

«Балалар ісі» жаңазеландтық ұйымынан – балаларға қатыгездік қатынастың алдын алуға үйрету.

Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуына қатысты дауыс беруі және Дональд Трамптың ықпалымен өз Отандарын тастап кеткісі келетін адамдар Жаңа Зеландияның иммиграциялық веб-сайтына зор қызығушылық танытты. Жаңа Зеландияның (ЖЗ), сөзсіз, өзіндік тартымдылығы бар: режиссерлер драмаға толы бейнемізді түсіруге құштар, ал еліміз – «бал мен сүттің» мекені. Біз қонақжай, прогресшіл және адам құқықтарын саналы түрде мойындаған елміз: 1893 жылы Жаңа Зеландия әйелдері әлем елдері арасында ең алғашқы дауыс беру құқығына ие болды; Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Киви (жаңазеландықтар) адамның халықаралық құқықтарын дамытуда басты рөлді ойнады; сондай-ақ, сот төрелігін қайта қалпына келтіру әдісіміз дүние жүзіне мәлім.

Дегенмен, жақынырақ таныса бастасаңыз, ЖЗ тартымдылығын жоғалта бастайды. Кедейлік кең етек жайған, жыныстық зорлық көрсеткіштері жоғары және неоколониализм салдарынан түрмеге қамалып жатқандардың басым бөлігі – маори. Әлеуетті иммигранттарға тартымды болып көрінетін бейне оқшаулау, маргиналдау және қылмыспен тығыз байланысты саясат пен тәжірибеге қарама-қайшы.

Жаңа Зеландиядан басқа ешбір жерде мемлекеттік және институттық мекемелерде ересектердің балаларды жүйелі түрде жәбірлеуі анық байқалмаған. Соңғы жылдары мыңдаған жаңазеландықтар көрген зорлық-зомбылықтары туралы ашық куәлік бере бастаған. *Тозаққа апарар жол атты* кітабымда мемлекет қорғауындағы 105 жәбірленушінің (1950 жылдардан 1990 жылдарға дейін осы мекемелерден өткен 100,000 астам баланың бір бөлігі ғана) әлеуметтік қамсыздандыру мекемелеріндегі өмірін суреттедім.

Бұл ақиқат – қорқынышты. Әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлері туған бауырларды бір-бірінен ажыратып, жүздеген миль қашықтыққа алшақ орналастырады. Олар балаларды бірнеше күнге, кейде айға оқшауланған қараңғы камераларға қамап, қашып кетуге тырысқан немесе айтқан тілді алмаған жеткіншектерге электрошок қолданған. «Жабайы» ересектердің жыныстық қатынасқа мәжбүрлеуі туралы арызданған балаларға тыныш жүруін бұйырған. Оқшауланған тұрғын объектілерінде кейде білім беру орындары да болмаған. Ал қабылданған ережелердің сақталуы үшін балаларға бір-бірін қадағалауды бұйырған. Әлеуметтік қызметкерлер тағылған айыптан оларды ешкімнің жақсы көрмейтіндігін айтып ақталған, ал қансыраған дейін балаларды байлап тастау немесе тіс жуатын құрылғымен еденді жуғызу сияқты ар-намысқа тиетін қатал жазаларды болмашы қателіктер үшін қолданған. Балаларға түрмеге қамалғандар ретінде қарап, мемлекеттік көмек көрсету мекемелері, салыстырмалы түрде прогресшіл саясат пен қабылданған ережелерді сақтаудың орнына қорқынышқа толы жәбірлеу орталықтары сияқты жұмыс жасаған.

Көп жылдар бойы жәбір көргендер өткен өмірлерін, яғни мемлекеттік мекемелердің оларға келтірген зияндары немесе оларды қорғай алмағандары туралы, ашық жария ете бастады. Жәбірленушілер, өздерін түсініп, қажетті реакция болады деген үмітпен мемлекет келтірген зиянның ұзақ мерзімді нәтижесін – депрессиядан бастап жарақаттан кейінгі стрестік күйзеліске дейін, яғни мазасыздану, токсикомания, отбасындағы зорлық-зомбылық, түрмеге қамалу сияқты басынан өткен зардаптарын бұқараға жария етті.

Әрекет етудің орнына, Жаңа Зеландия үкіметі үнсіз қалды. Австралия, Канада, Ұлыбритания, Ирландия және

>>

т.б. елдер зорлық-зомбылық көрген жәбірленушілердің бұқара алдында өмірлерін жария ету мен жеке қолдауды ұсынудағы қиындықтармен күресіп жатқанда, ЖЗ мемлекеттік заң, мүдде мен қаржылай қамтамасыз ету жолындағы мүмкін салдарға қарамастан құқықтарды түсіндірудегі ұят тәжірибені ғана ұсына алды.

Арызданғандардың басым бөлігі Әлеуметтік даму министрлігінің (ӘДМ) «Тарихи арыз бөліміне» жәбірленушілер ретінде шағым түсірген. Өкінішке орай, бұл министрлік те – үстінен шағым түскен мемлекеттік орган. Көп жәбірленушілер жәбірлеуге қатысы бар агенттікке ешқашан сенім білдірмейді, Бөлім және «басшылық» арасындағы тәуелсіздікті байқамайды. Жәбірленушілердің бірі Питер «Бұл еш пайдасы жоқ тоқішек тексерісіне ұқсайды... Олар қанағаттанарлық жауап бермейді».

Шындығында, жәбірленушілердің көбі кез келген виктимизация ресми тіркелуі қажет деген сенімділігі төмен болжамдармен жұмыс жасай отырып, ұзақ жылдар бой зорлық-зомбылыққа қатысты нақты тергеу жүргізбеген Министрліктегі сенімсіздік және намысқа тию мәдениетімен бетпе-бет кездескен. Жәбірленушілерге материалдарында зорлық-зомбылық көргендігі туралы негіздің болмауынан, арыздарының күші жоқ деген жауап қайтарылған.

Министрлік мәселенің ушығуына жәбірленушілердің өздерін кінәлады. Орын алған мәселелерін мемлекет тарапынан көмек көрсетудің болмағандығынан емес, басқа өмірлік жәйттармен байланыстырды. Мысалы, Сьюге берген жауабында Министрлік оның барлық мәселелерінің төркіні өмір жолының басында-ақ басталған ішімдікке әуестігімен байланыстырған. Осылайша, мемлекет Сьюдің ішімдік ішуі мен мемлекет қарамағында болған уақыттағы жәбір көруі, жыныстық қатынасқа мәжбүрленуі, жалғыз өзінің қамалуы, білімінің жоқтығы арасындағы кез келген байланысын мойындаудан бас тартқан.

Соңғы жылдары Министрлік «жылдамдатылған» процесте жұмыс жасады да бүгінгі күнге дейін 700 астам шағымды қанағаттандырды. Жәбірленушілер виктимизация аспектілері мойындалған және кешірім сұралған қысқа ғана хат үшін де алғыс білдіреді, себебі олар бірінші рет қандай да бір ресми өкініш лебін сезеді. Кейбір жәбірленушілер өтемақы алғанымен, шамамен 20,000 NZ$ көлеміндегі бұл сома басқа юрисдикциямен салыстырғанда төмен. Дегенмен, өз сомасын алу үшін жәбірленушілер әрі қарай сотқа жүгіну құқығынан бас тартуы қажет және жаңа әдіспен қандай да бір өтемақы алғандар министрлік тарапынан әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемқыларын қысқарту туралы қорқыту әрекеттеріне кездесуде. Бұл өтемақы алушылардың көбеюімен түсіндіріліп отыр.

Алайда, өтемақы алудың тағы екі жол бар. Біріншіден, мемлекет шағымдарды азайту үшін заңнамалық ерекшеліктерге жүгінгенімен, жәбірленушілер сот ісін қозғауы мүмкін. Талап етілгенге дейінгі сипатына қарамастан, Шектеу жарғысына сәйкес жәбірленушілерге шағымдарының мерзімі өтіп кеткендігі хабарланады. Сонымен қатар, мемлекеттік агенттіктер әрі қарай шағымдар сәтті болмайды деп таныған кезде занамалық көмекті кері қайтаруы мүмкін.

Екіншіден, 2008-2015 жылдар аралығында жәбірленушілер Тыңдау мен көмек көрсетудің жасырын қызметіне өз тәжірибесі туралы айтып, шектелген көмек ала алатын еді: он кеңес, жазбаларды немесе туыстарын іздеу кезіндегі көмек жән т.с.с. Алайда, қызмет көрсету атауынан белгілі болғандай, бұл процесс зорлық-зомбылық туралы шағымдардың бұқараға жария болуынан сақтанып, жасырын түрде жүзеге асты. Сьюдің айтуынша «бізде Вестминстер жүйесі жоқ, оның орнына мемлекеттік зорлық-зомбылық пен зиян келтіру бойынша қоғамдағы үнсіздікті сақтап қалуға жұмыс жасаған Ахминстер[1] жүйесі бар”.

Мемлекеттік оқшаулау, маргиналдау және зорлық-зомбылық көрсету оқиғаларын жасыру арқылы жәбірленушілер жағдайын жақсарта алмаймыз. Зорлық-зомбылық зардабы жалғасуда. ЖЗ билігінің балалар мен жеткіншектерге қатысты мектептегі қауіпсіз ұяшықтардан бастап ұзақ уақытқа темір торға тоғытуға дейінгі жазалау әрекеті, отбасында және үйден тыс мекемелерде балалар мен жеткіншектерді негізсіз жазалау – ұят. Өткенді жасыру – зиян келтіру немесе бұзу тәжірибесіне әлеуметтік-мәдени және институттық толеранттылықты бекіту процесі.

Басқа мемлекеттер қолдануға болатын басқа әдістерді ұсынады: бастан өткен оқиғаларды ашық айту, мемлекет рөлін мойындау, зорлық-зомбылық пен ұзақ мерзімді тәртіпті бұзу салдары арасындағы байланысты қарастыру, өтемақы туралы шешімді тәуелсіз қабылдап, халық алдында кешірім сұрау. Адамгершілікті қалпына келтірудің қажетті формасы ретінде мемлекеттің зорлық-зомбылық әрекеттер үшін жауапкершілікті мойнына алуы, масқара болу, қорқыныш, амалсыздық, өзін-өзі жоғалту сезімдерімен өмір сүретін жәбірленушілерге көмектесуі мүмкін. «Мойындау, қалпына келтіру және алдын алу комиссиясы» арқылы ресми мойындаудың орын алуы жәбірленушілерге өткенін қабылдауға көмектесер еді және бұл ұлттық басымдылыққа айналуы қажет.

[1] «Ахминстер» - «бірнәрседен бас тарту» дегенді білдіретін «Ах» сөзімен байланысты сөздер ойыны

Хаттарды Элизабет Стэнлиге <elizabeth.stanley@vuw.ac.nz> жолдауға болады.

> Белсенділік пен ғылым

Дилан Тэйлор, Велингтондағы Виктория университеті, Аотеароа, Жаңа Зеландия

«Аотеароа экономикалық және әлеуметтік зерттеулері» солшыл бағытының пайымдарын Malcolm X ойлары шабыттандырады.

Жаңа Зеландиядағы Аотеароада парламенттік саясат тығырыққа тірелді. Елдің Бесінші ұлттық үкіметі 1984 жылғы Төртінші лейбористік үкімет бастаған неолиберал жобаны жалғастырғанға ұқсайды: салықтарды қысқарту, сылбыр жекешелендіру және жұмыс берушінің пайдасына еңбек заңына өзгерістер енгізу. Нәтижелер де күткендей: теңсіздіктің тереңдей түсуі, үйсіздердің көбеюі және жұмыспен қамтылу деңгейінің тұрақсыздана бастауы.

2017 жылғы сайлау алдында өзара түсіністік туралы меморандум арқылы байланыстағы Лейбористер мен жасылдар партиясы егер осы жылы халықтық сайлауда жеңіске жетсе – кейбір келеңсіздіктерге жетелер жеңілдіктер «бизнес үшін әдеттегідей» болып қалады деген «бюджеттік міндеттерді» көпшілік алдында өз мойындарына алды. Басқа дамыған демократиялар сияқты Жаңа Зеландиядағы Аотеароа сайлаушылардың белсендігі төмендегенін және саясаткерлерге қатынастағы сенімсіздіктің күшейгенін, тіпті оны жасылдар-лейбористер бірлестігі де өзгерте алмайтынын көрді. Дегенмен, парламенттен тыс салада неолиберализммен күреске бағытталған жаңа жобаларды табуға болады. Әлеуметтік ғылымдар саласына жататын пәндердегі әріптестерімен қатар әлеуметтанушылар сын мәдениеті мен үміт отын жағу, сонымен бірге гегемонизмге қарсы институттарды құруда маңызды рөл атқарады.

«Аотеароа экономикалық және әлеуметтік зерттеулері» әсіре солшыл сараптау орталығы (ESRA); *Counterfutures шығару: Left thought & practice Aotearoa* -дағы белсенділер мен ғалымдардың көзқарасын біріктіруші мақалалар; және Әлеуметтік қозғалыстар, қарсыласу және әлеуметтік өзгерістердің (SMRSC) жыл сайынғы конференциясын шақыру осы үміт отын ұялататын оқиғалар негізінде жатыр. Үш бастама да неолиберал статуса-квоны даулау ісіне қатысты мығымдықты көрсетсе керек.

Сью Брэдфордтың Жаңа Зеландиялық Аотеароада солшыл сараптау орталығын қолдану мүмкіндігін зерттеген докторлық диссертациясы нәтижесінде ESRA көпшілікке 2016 жылы таныстырылды. Ұзақ уақыт бенефициарлар мен кедей топтардың белсендісі және жасылдар партиясынан бұрынғы депутат Брэдфорд «қарсыласу мәдениетін, ынтымақтастықты және үмітті» қалыптастыру мақсатында, езілген және дүбара күйдегі адамдардың үміті мен үрейлерін жария етіп, жеткізу үшін белсенділер мен ғалымдарды біріктірді (https://esra.nz/about/). Ертеректегі бастамаларға елдегі баспана мәселесіндегі дағдарыс, экономикалық жоспарлауды қайта пысықтау және саяси ұйымның соны түрлерін талқылау енген болатын.

ESRA каупапада (маори тілінде «бағдарлама» немесе «мақсат») Жаңа Зеландиядағы Аотеароада маоридың толық тәуелсіздігін мойындауға бек әзір екені мәлімделген

>>

(елдің құрылтайшы құжаты Вайтанги (Waitangi) Шартында уәде берілген, бірақ содан бері елдің бірде-бір үкіметі оны орындаған жоқ). Бастама әлеуметтік ғылымдарда өзекті болып отырған сезімталдықты, яғни білімнің валидті және белсенді түрлері «төменнен» бастау алады және осындай білім әлеуметтік ұйымның балама түрлерінің қалай қалыптасатыны туралы пайымдарға қажетті дегенді басшылыққа ала отырып, «капитализм мен колониализмнен тыс тиімді қозғалу» стратегияларын зерттеуге бағытталған.

Осындай сезімдер *Counterfutures* жаңа басылылымын жандандыра түседі. Журнал «қоғамымызды, саясатты, мәдениет пен қоршаған ортаны түсінуге, таныстыруға және ықпал ету жөніндегі пікірталастарға араласу және түрткі болуы» тиіс (https://counterfutures.nz). Ол ғалым-зерттеушілер мен қауымдастықтар, кәсіподақ және белсенді ұйымдар ұсынған білім арасындағы дилогты ұйымдастыруға талпынады.

Академиялық мақалаларға пікір білдіруден басқа, журнал заманауи саяси және әлеуметтік мәселелер бойынша «интервенция» жасап отырады, сонымен қатар белсенділер және ғалымдармен сұқбаттар жариялайды. *Counterfutures* тәуелсіз кітап дүкендерінде және белгілі университет кітапханаларында кеңінен қолжетімді, журналдың ақылы қақпаға түсіп қалмауына кепіл болатын тәсіл – оның жарияланғаннан кейін алты ай бойы Интернетте өз контентін тегін ұсынуы. *Counterfutures* оқитын балама ойға құштар парасатты оқырман сенімді зерттеулерден, сонымен бірге саяси ұйым үшін тың мүмкіндіктерді зерттеуден хабардар.

Counterfutures алғашқы үш мәселесі мына салалардағы түрлі авторлардың еңбектеріне арқау болды, олар: LGBTQI + топтары, әлеуметтану, маори белсенділігі, психология, түрме аболиционистері, философия, кедейлікке қарсы топтар, тарихшылар, одақтастар, криминология, экологиялық ұйымдар және коммуникациялық зерттеулер. Осы тізімге ғалымдар да, белсенділер де енген, сонымен қатар бұл қатаң пәнаралық сала.

Осы жағдай жыл сайынғы SMRSC конференциясында да айқын көрінеді. Алғаш рет 2014 жылы жаңадан келген түрік академигі Озан Надир Алакавуклар ұйымдастырған конференцияның аяқ алысы жылдам еді. Оның үшінші кезеңінде 400-ден астам қатысушы тартылды. Бұл 70-ші жылдардан бері алғаш рет Аотеароаның экстра парламентаралық солшылдары үшін ең маңызды оқиға айналды. Конференция барысында Маоридің егемендігі, баламалы экономика, Пасифика белсенділігі, еңбек болашағы, климатқа әділ көзқарас, денсаулық пен мүгедектік әділеттілігі және қазіргі заманғы одақтастық мәселелері қамтылды. Маңыздысы, қатысушылар ғалымдар ғана емес белсенділер топтарынан да болды. http://counterfutures.nz/2/editorial.pdf).

SMRSC қатысушылары мен ұйымдастырушылары қатысушылардың әртүрлілігінен туындаған күрделі қиындықтарға тап болды. 2015 жылы SMRSC конференциясында белсенділер мен ғалымдар көз-қарастарының арасында білім беру мен таратудың ғылыми-зерттеу тәсілдері бойынша қарама-қайшылықтар анықталды. Бұл жағдай 2016 жылғы конференцияның «ғалымдар мен белсенділердің бөлінуі» тақырыбына себеп болды. Өз кезегінде, 2016 жылғы конференцияда анықталған Маори мен Пакеха (тегі еуропалық шыққан жаңа зеландиялықтар) арасындағы созылмалы шиеленіс тақырыбы 2017 жылғы конференцияның «Ka whawhai tonu mātou, Капитализм шегінен тыс-отаршылдықтан тыс» тақырыбына арқау болды (https://esra.nz/socialmovements2017/).

Парламенттік саясаттан оқшаулану мен теңсіздік тамырының тереңдеуіне қарамастан, мұқият оптимизмге себеп бар. Біріншіден, жақындай түскен актерлардың әртүрлілігі экстра-парламентарлық солшылдардың қайтадан жандануын білдіреді. Көптеген дамыған елдер сияқты, Жаңа Зеландиялық Аотеароа – солшыл және бірегей саясаттың нәтижесі. Сақталып отырған шиеленіске қарамастан, аталмыш жаңа бастамалар тиімді әлеуметтік өзгерістер материалдық және рухани мәдениеттің өзара диалектикалық байланысты екендігін мойындауға негізделген.

Екіншіден, осы бастамалар қоғамдық қозғалыстар мен белсенділіктің арқасында пайда болған білім заңды және озық деген ұстанымға негізделген. Ғалымдар үшін бұл ұстаным зерттеу жүргізіп, нәтижесін жүзеге асыратын топтармен бірге жұмыс істеуді қамтамасыз ету дегенді білдіреді. Бұған қоғамдық әлеуметтану және арта түскен белсенділікпен қатар жергілікті ғалым Линден Тухивэй Смиттің ықпалы да зор. Нақты әлеуметтік күрес нәтижесінде туындаған түйткілді ойды біріктіру кезінде білімнің жаңа тиімді саласы қалыптасады.

Ақыр аяғында, әртүрлі актерлардың ынтымақтастығы және олар ұсынатын білім ауқымы қарама-қарсы қоғамды басқаша қалай ұйымдастыруға болатынын іздейтін гегемон жобаны негіздейді. Аталмыш жоба теңдік идеясын жандандыру, саяси және экономикалық ұйымның жаңа нысандарын іздестіру, деколонизациялау және қоршаған ортаның орнықты экологиялық тәжірибесін бастауға бағытталған. Бұл әлі әлсіз енді ғана басталып келе жатқан жоба, дегенмен 2008 жылғы Әлемдік қаржы дағдарысының салдары баламалық үлгі болмаған жағдайда «бизнестің әдеттегі күйіне» ұрынатынымызды көрсетті. Жаңа Зеландиядағы Аотеароада ғалымдар мен белсенділердің өзара келісілген өнімді іс атқаруымен ерекшеленетін аталмыш бастамалар болашақтың баламалы үлгісінен үміттенуге мүмкіндік береді. ■

Хаттарды Дилан Тэйлорға <Dylan.Taylor@vuw.ac.nz> жолдауға болады.

> Жергілікті криминология туралы

Роберт Уэбб, Окленд университеті, Жаңа Зеландия, Аотеароа

Маори халқының бүгінгі қиын жағдайына көз салып тұрған ата бабасының ескі кескіні оның абыройлы өткен шағының символы іспеттес. Фрипиктың суретінен Арбудың фотомонтажы.

Жаңа Зеландияның Аотеароасындағы маори халқының әлеуметтік маргиналдануы криминалдану мен виктимдеудің пропорционалды емес көрсеткіштерінен анық көрінеді – ағылшындықтар қоныстанған елдерде құқықтарынан айырылған басқа байырғы халық жағдайларына ұқсас жәйт. Азшылық халықтың 15% құрайды. Елдің басқа азаматтарына қарағанда, маоридің тұтқындалу, сотталу және басқа да жазалау шараларына ұшырау ықтималдығы басым. Жаңа Зеландияның маори дәстүрлеріне негізделген заңнаманы қалыптастырудың инновациялық тәжірибелерін ұсынудағы халықаралық беделіне қарамастан қамауға алу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болып отыр – 50% ері мен 60% әйел заты қамауда отырған маори үшін өте қауіпті жағдай. Бұл жүйенің қылмыс деңгейін төмендетпегенін және қамаудағылардың балалары мен отбасы әлеуметтік оқшауланудың күрделі мәселелеріне ұшырағандығын қалың бұқара мойындағанымен, жақында болған жаңалықтарға сенсек, түрме тізімі әрі қарай жалғаса беретін сияқты.

Маориға бағытталған қылмыстық заңнама отарлау кезеңінен бүгінгі күнге дейін әртүрлі дәрежеде рационалданған еді. Ел тарихының әртүрлі кезеңдерінде Жаңа Зеландия мемлекеттік мекемелері өкілдерімен лауазымды тұлғаларына маори арасындағы қылмыстық іс – маори қауымының дәстүрлері мен құрылымында көрініс табатын әлеуметтік мәселе екенін түсіндіруге талпынған. Соңғы уақытта талдау жұмыстарында тәуекел факторларының ықпалы және криминогенді қажеттіліктермен байланысты идеялар басым болып, маориді мемлекеттің белсенді араласуына мұқтаж популяция ретінде ұсына бастады. Саяси жауаптың басым бөлігі британдық және солтүстік американдық тұрғыдан теориялық және эмпириялық талдауға жүгінеді және олар да маориге жүргізіліп отырған әлеуметтік қадағалудың

>>

жалғасып жатқандығын хабарлауда – негізінен теорияланған маори мен негізгі теориялар пайда болған әлеуметтік, тарихи және саяси мән арасындағы әлеуметтік және саяси айырмашылыққа назар аударылмайды.

Ұзақ уақыт бойы маори Жаңа Зеландиядағы мемлекеттік саясаттың жүйелі нәсілшілдігі мен оның институттануына қарсы күресуде. Осы әдіс Моана Джексонның *The Māori and the Criminal Justice System – He Whaippānga Hou* (1988) баяндамасында сыналады. Баяндамада қылмыстық заңнама маори көзқарасы тұрғысынан қарастырылады. Жұмыс маори өміріне ықпал ететін әлеуметтік және тарихи процестерді, оның ішінде отарлау мен мәжбүрлі заңнама жүйесін баяндайды. Баяндамада Жаңа Зеландиядағы қылмыстық заңнама жүйесін сыни ұғыну мен мәдени құндылықтардың тәжірибе мен әдістерді анықтайтындығы туралы айтылады.

Әрине, мемлекет тарапынан құндылықтардың мәдени әртүрлілігін сақтау және қылмыстық заңнама тұрғысынан маори мәселелерін шешу мақсатымен заңнама тәжірибесін реформалау талпыныстары болды. 1989 жылы жастарға бағытталған заңнама жүйесінде өзгерістер, яғни ол отбасылық топ жиналысы мен 1989 жылы қабылданған Балалар, жас жасөспірімдер және олардың отбасы туралы заңды (CYPFA) қамтиды. Бұл қылмыскерлер мен оның туыстары және жәбірленуші мен оның отбасы кіретін отбасылық топ жиналысын пайдалана отырып, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды ресми сот жүйесінен алшақтатуға бағытталғанын көрсетеді. Заңнаманың осы стилі құрайтын маори философиясымен – әлеуметтік қарым-қатынастағы ұжымдық жауапкершілік идеясы – ұштасып жатыр деп есептеледі. Бірақ, отбасылық топ жиналыстарын өткізу баламасының болғанына қарамастан, кәмелетке толмағандар ісі бойынша жүргізіліп жатқан соттағы 10-16 жас аралығындағы балалар мен жеткіншектердің көбі маори – бүгінгі күні бұл көрсеткіш 62% жетті.

Кей зерттеушілер жиналыстан отбасылық топ үлгісі мемлекеттік заңнаманың негізгі философиясы мен құрылымын түбегейлі өзгерте алмайтындығын ескертіп отыр. Керісінше, мемлекеттік билік әлеуметтік қадағалаудың басқа формалары арқылы қолдауға ие. Хуан Тауридің айтуынша, отбасылық топ жиналысы – маориға тән емес, мұнда маоридің кей мәдени тәжірибелері ғана қолданылады. Ол CYPFA-ның өзі заңнама саласындағы этноцентризмге қатысты Джексон тарапынан сынға ұшырап, бұл процесс маори ұйымдары ұсынған материалдар негізінде ғана маори мәдениетінің кей тұстарын қамтитындығын білдірді. Десе де тәжірибе жүзінде маори салттарының кей бір қыры қамтылғанымен, отбасылық топ жиналысы маори дәстүрін сақтамаған және негізінен оны лауазымды тұлғалар басқарады.

Академия мен әлеуметтік ғылымдарда маңызды талдау мен сыни ескертулерді жүргізу маоридің қамы болатын және маоридің әлеуметтік жағдайларын зерттеуді талап етті. Көбіміз байырғы халық қауымдарының дамуын қолдаймыз, ал Линда Смиттің деколонизациялау әдістері сияқты жұмысы маориге және басқа ғалымдарға байырғы халық тәжірибесі мен білімін мойындайтын теориялар мен әдістерді зерттеулеріне ықпал етті. Осылайша, басым бөлігіміз маори тәжірибесі мен бұзақылық және әлеуметтік зиянкестік концептуализациясын мойындайтын байырғы халықтың сыни криминализациясын дамытуға үміттіміз.

Мемлекеттің қылмысты қатаң әкімшілік қадағалау ретінде бас бостандығынан айыру сияқты жазалау шараларын кеңінен қолдануы маориге тән әлеуметтік болмысты ескермейтін кертартпа теориялық құралдар шеңберінен шығуды талап етуде. Енді байырғы халықпен өзараәрекет ететін және эмансипациялық зерттеу серіктестіктерін құратын әлеуметтік теоретиктер қажет болады. Байырғы халық криминологиясын қалыптастыруға жұмсалған күш өзарабайланысты жәбірлеу элементтеріне, әлеуметтік зиянның ұжымдық тәжірибесіне назар аудартуы тиіс. Ол әлеуметтік маргиналдану мен түрмеге қамалғандар санының артуында мемлекет пен қылмыстық заңнама жүйесінің рөлін зерттеуі қажет болады.Заңнама жүйесінен көп жәбір көргендер тәжірибесін қамтуға бағытталған байырғы халық криминологиясы қылмысты әкімшілік қадағалау және мемлекет маңызды деп ойлайтын мәселелер шеңберінен шығуы қажет.

Жаңа әдістер негізінен отарлау, институтталған нәсілшілдік пен жүйелі зорлық-зомбылықтың байырғы халықты қадағалау мен маргиналдануына қалай ықпал еткендігіне көңіл аударатын болады. Трейси Макинтош және Хили Айва сияқты маори-ғалымдар зерттеулерінде түрмедегі маори-әйелдердің тәжірибелерін, бас бостандығынан айырылумен байланысты ұрпақаралық мәселелерді және виктимделуді сипаттаған.

Байырғы халық криминологиясы маори тәжірибесімен өзараәрекетте болып, әлеуметтік зиянкестік пен бұзақылық және онымен байланысты әлеуметтік құрылымдық шарттар талдауын қамтуы қажет. Сондай-ақ, Вайтанги келісімі ереже-лерін қайта анықтау немесе жоққа шығару, маориге немесе басқа байырғы халыққа зиянын тигізіп жатқан мемлекет немесе басқа ықпалды топтар әрекеттері бойынша зерттеу жүргізуі мүмкін. Отарсыздануға бағытталған мақсат маори мәдени аясын басшылыққа ала отырып, маори халқына заңнамаға қауымдық қадағалау мүмкіндігін беруді көздейді.

Хаттарды Роберт Уэббке <robert.webb@auckland.ac.nz> жолдауға болады.

> Демалысты зерттеу кәнігі ісі еді



Ишвар Моди.

Профессор Ишвар Модидың 76-жасында дүние салғаны туралы профессор Б.К.Нагладан Ахмедабадқа (Үндістан) қайғылы хабарды жеткізген үрейлі қоңырау соғылған күн 23 мамыр, сейсенбінің таңы болатын. Дүниеден баз кешіп кетсе де ешқашан өлмейтін кейбір тұлғалар бар, себебі олардың идеялары, көзқарастары мен әрекеттері мәңгі жасайды. Осындай тұлғалардың бірі – профессор Ишвар Моди. Жалпы жаһандық әлеуметтану үшін, соның ішінде үнді әлеуметтануы үшін 2017 жыл екі қайғылы оқиғамен есте қалары сөзсіз: әуелі профессор Д.Н.Дханаграны, енді профессор Ишвар Модиды жоғалттық.

Профессор Моди өзінің академиялық мансабын Үндістандағы Джайпурда орналасқан Раджастан Университетінде 1974 жылы бастады. Мен оның артынан екі жылдан соң келдім. Әуелден-ақ Ишвар Прасад Моди әлеуметтік ғылымдармен айналысатын оқытушылар мен шәкірттер арасында аса беделді болды. Белгілі ғалым, профессор Йогендра Сингхтың жетекшілігімен демалысты ұйымдастыруды зерттеу саласында кандидаттық диссертациясын аяқтады. Оның академиялық мансабы көптеген табысты қадамнан тұрады. Әлеуметтануға Үнді әлеуметтану қоғамының президенті және Раджастан социал-демократиялық қауымдастығының президенті ретінде қызмет көрсетті. Жаһандық әлеуметтанумен қарым-қатынасы 1986 жылы Делиде ХӘҚ Бүкіләлемдік конгресі өткізілген кезден басталды. Ол біраз әлеуметтанушы студенттер-

>>

дің Бүкіләлемдік конгреске, сонымен қатар халықаралық конференцияларға қатысуына мұрындық болды және жас оқытушыларды Халықаралық әлеуметтанушылар Қауымдастығына мүшелікке үндеді.

Профессор Моди хинди тілінде сөйлейтін студенттер арасында әлеуметтану туралы жаһандық білімнің таратылуын жан-тәнімен жақтайтын еді. ХӘҚ көп тілде жарық көретін «Жаһандық диалогты» хинди тілінде шығарудағы орны аса ерекше. Ол үшін хинди тілінде «Жаһандық диалогты» шығару - тек миссия ғана емес, сонымен бірге академиялық серпін еді. Осы бір тәуекелді бастамада профессор Модимен бірге жұмыс жасау және оның іске деген адалдығына куә болу мүмкіндігіне ие болдым. Үнемі ол өзін топ мүшелерімен теңдік пен демократия жағдайында ұстайтын. Мен аса тәртіпке иланбайтын адаммын, осыған байланысты «Жаһандық диалогтың» хинди тіліндегі шығарылымы бірнеше рет кешікті. Дегенмен, ол барлық кезде менің аудармаларымды бағалайтын. Сондай-ақ, редакциялық алқаның басқа мүшелері, докторлар Рашми Джаин, Джойти Сидан, Прабха Шарма, Ниди Бансал және Удаи Сингх мырзаның адал еңбектерін де жоғары бағалады. Сонымен қатар Үнді әлеуметтанулық қауымдастығы аясында хинди тілінде зерттеу журналының, тұрақты жарық көріп тұрған сапалы басылымның шығуына зор күшін сарп етті. Профессор Модидың осы қызметі хинди тілінде білім алатын әлеуметтанушы шәкірттерге мол академиялық пайда әкеліп отыр. Профессор Модидың қайғылы қазасына қарамастан жұмыс тоқтамайды, «Жаһандық диалогтың» хинди тіліндегі шығарылымы бұрынғысынша академиялық құлшыныспен жалғасын табады деп сенемін.

Профессор Моди өзінің саналуан қызығушылықтары арқасында балалар игілігі, жастар белсенділігі, гендерлік әділеттілік, жұмысшы табының мәселелері және маргинал топтар сияқты көптеген бағыттарды қамтыды. Үндістанға және оның шекарасынан тыс жерлерге жасаған саяхаттарында ол денсаулық, кедейлік, экология, демография, әлеуметтік қозғалыстар, сайлауда дауыс беру және адам құқығы мәселелеріне әлеуметтанушы тұрғысынан баға берді.

Мамандану саласы демалыс, туризм және бұқаралық ақпарат құралдары болғанына қарамастан, профессор Моди әлеуметтік теорияға да қомақты үлес қосты. ХӘҚ аясында атқарған үлкен істерін ЗК13 (демалысты зерттеу комитеті) мүшелері мәңгі естерінде сақтайды. Әлемнің барлық еліне дерлік академиялық сапар шекті. Ол кітаптар мен мақалалар жазушы ретінде жемісті еңбек етті. Мұғалімдер қозғалысы мен басқа да әлеуметтік мәселелерге араласуы оның танымал интеллектуалға және сыншыл әлеуметтанушыға айналуына көмектесті.

Профессор Моди өзінің үлгі боларлық қонақжайлығымен де есте қалары сөзсіз. Ол және оның отбасы әр мейманға зор ықылас танытып, қамқорлық пен құрмет көрсете алатын. Шынында, олар – өте сирек кездесетін жандар. Ол үшін әрбір адамға отбасы мүшесі ретінде қарау – демалысты ұйымдастырудың негізгі ұстанымы болуы тиіс.

Профессор Модидың қазасы – отбасы мен достары үшін орны толмас қасірет. Әлеуметтану әлемі оның ғайып болғанына қайғырады, дегенмен шабыты бізбен мәңгі бірге болмақ. Профессор Моди, бақұл болыңыз, әлеуметтанушылар қауымдастығы Сізді қатты сағынады, Сіз бізбен біргесіз, мәңгілік жадымызда қаласыз. ■

Раджив Гупта, Әлеуметтік ғылымдардың Үнді қауымдастығы Президенті

> Шабыт пен қолдаудың қайнары



Ишвар Моди туып өскен қаласында, артқы жақта Джайпур.

Профессор Ишвар Моди обыр ауруымен ұзаққа созылған күрес барысында үнді әлеуметтанушыларының жаңа ұрпағын және демалыс әлеуметтанушыларының жаңа ұрпағын қолдауын және басқаруын жалғастыра отырып, 2017 жылдың мамырында өмірден өтті. Оның қазасы – үнді әлеуметтануы, демалыс әлеуметтануы және жалпы академия үшін орны толмас қайғылы жәйт.

Ишвар демалыс және туризм бойынша әлемге белгілі әлеуметтанушыға айналған кезінде ХӘҚ 13 зерттеу комитетіне (Демалыс әлеуметтануы) келді. Оны президент ретінде ЗК13 өзгерістер жағдайында басқаруға шақырған болатын. Ол осы міндетті ЗК13 және жалпы ХӘҚ жаңа мүшелерді тарту үшін құлшына және асқан іскерлікпен қолына алды. Президент ретінде көпшілік алдында сөз сөйледі, қомақты зерттеу жобаларын жүргізуді тоқтатқан жоқ, сонымен қатар көптеген монографиялар жазды және

>>

жинақтарды редакциялады – айталық, соңғы рет ЗК13 бойынша қызметтес екі әріптесімен қосавторлықта редакциялаған мақалалар жинағы (“Демалыс, денсаулық және игілік”) ағымдағы жылдың сәуірінде жарық көрді. ЗК13 президенті ретінде ХӘҚ атқару комитетіне кірді және әріптестерімен жемісті қызмет етті.

ЗК13 және ХӘҚ басқа Ишвар тағы да екі жерде белсенді жұмыс жасады. Ол кей жағдайларда демалысты ұйымдастыру бойынша жетекші кәсіби халықаралық орган Әлемдік Бос уақыт деп аталып кеткен Демалыс пен бос уақыттың Әлемдік Қауымдастығы директорлар Кеңесіне сайланды. Осы ұйымда сый-лы болғаны – соншалық, оған өмір бойғы мүшелік берілді. Екінші жәйт – үнді әлеуметтанулық қоғамындағы белсенді қызметі, үнді әлеуметтануын дамытуға және әлемдік деңгейде әлеуметтанулық зерттеулер мен оқытуға қосқан еңбегі үшін 2015 жылы «Lifetime Award» («Өмір сыйы») сыйлығымен марапатталды.

ЗК13 мүшелеріне оның қазасы туралы хабар жеткенде адамдардың бірі-бірімен бөліскен естеліктері мен алғысы қайғыны басты. Бәрі Ишвармен алғашқы танысқандары туралы және осы кездесу мен байланыстың шынайы достыққа негіз болғанын айтып жатты. ЗК13 байырғы мүшелерінен бастап жаңа мүшелеріне дейін бәріміз ортақ сезімде болдық. Ишвар біздің бұрынғы президентіміз, біз өзімізді «судағы балықтай сезінетін» салаға өмірін арнаған ақылшымыз және ұстазымыз еді. Ишвар ғана шешімдерді қабылдау процесіне инклюзиялық мән және ХӘҚ шараларындағы сессияларымызда және біздің аралық конференцияларымыздың мазмұнына инклюзиялық реңк берді. Ишвардың ЗК13 пен ХӘҚ болғанына зор баға беремін және оның қолдауы мен ісіне ризамын. Мен ЗК13 пен ХӘҚ басқа қатысушылар сияқты онымен ұзақ хат-хабар алып тұрғанымa қарамастан Венгриядағы ЗК13 аралық конференциясында алғаш рет кездестім, оны енді ешқашан көрмейтініме қатты қайғырамын. Дегенмен, Ишвар Модиды білгенімізге және оның әлемінің бір бөлшегі болғанымызға қуаныштымыз деп ойлаймын. ■

Карл Спраклен, Лидс Метрополитан университеті, Ұлыбритания және ХӘҚ демалыс әлеуметтануы комитетінің вице-президенті және атқарушы хатшысы (ЗК13)

> Түрік редакциялық тобын таныстыру

Гүл Шарбаджиоғлы және **Ирмак Эврен**, Таяу Шығыс техникалық университеті, Түркия

2015 жылдың қаңтарынан бастап Жаһандық диалог (GD) түрік редакциялық тобын құрдық. Топ екі адамнан тұрады: Гүл Шарбаджиоғлы және Ирмак Эврен, екеуі де Анкарадағы Таяу Шығыс техникалық университетінде (Түркия) PhD үміткерлері. Досымыз Ахмет Сейхан Тотан дизайн мәселелерінде барынша көмектеседі.

Дүниежүзіндегі соңғы әлеуметтанулық пікірталастардан қалып қоймау және оларды түрік тіліне аудару біз үшін қуаныш, дегенмен бұл өте күрделі мәселе және айтарлықтай ұзақ процесс. Мұның ауқымы жай ғана аударма жасаудан анағұрлым кең – Жаһандық Диалогты (ағылшын тілінде) Küresel Diyalog-қа (түрік тілінде) трансформациялауымыз, яғни журналдың біртұтастығы мен бүтіндігін сақтауымыз қажет. Бүкіл процесс жаңа GD шығуына қажетті ағылшын тіліндегі мәтіндерді алу сәтінен басталады. Мақалаларды бөліскенімізде – бір мәселеге қатысты немесе нақты бір елдің әлеуметтану саласын қамтитын мақалалар кешені болғанда – олардың өзіміз қызығатын саламызбен байланысын және жеке білім қорымызды мүмкіндігінше толықтыруды да ескереміз. Сол сәттен бастап уақытында аяқтау үшін талмай еңбек етеміз. Екі адамнан құралған топ ретінде бұл жұмыс табандылық пен жауапкершілікті талап етеді!

Бөлінген мақалаларды аударып болғаннан соң барлық мақаланы әрқайсысымыз оқитындай, аударатындай және редакциялайтындай етіп өзара алмасамыз. Біздің пікірімізше, аудармашы емес, оқырман ретіндегі көзқарас журналға аудитория – әлеуметтанушылар қауымы мен әлеуметтануға қызығатындар тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Тікелей аударма жасаған кезде өз мағынасын жоғалтатын және түрік тіліне аударуға келмейтін терминдер кездескенде, түрік тіліндегі тиісті әдебиеттермен жұмыс жасаймыз және терминнің шығуы туралы оқытушы-профессорларымыздан кеңес аламыз, терминді қалай аударуға болатындығы туралы баламаларды қарастырамыз. Орынды деп тапқан тұста түрік тіліндегі керемет мақалдар мен мәтелдерді қолданамыз. Барлығын аударып болғаннан кейін, оның ішінде суреттер атауларын, мәтіндерді досымыз Сейханға жібереміз. Ол – дизайн техникасының маманы. Макет аяқталғанда соңғы рет бастан-аяқ тексеріп шығамыз. Содан соң Küresel Diyalog-тың жаңа шығарылымына мақтанышпен қараймыз!

Журнал ISA веб-сайтына жарияланған сәттен бастап қауымдастық, университеттегі ұжымдастар мен жаһандық әлеуметтанудағы ізденістермен таныс және қызықты жәйттерді байланыстыруға ұмтылатын арнайы топтар арасында ол туралы ақпарат таратамыз. «Жаһандық диалог»-ты түрік тіліне аудару екеуміздің де алдымызға жаңа міндеттер қойды, жаңа қауымдастықпен таныстырды және жаңа мәселелерді шешкен сайын түрік әлеуметтанулық қауымдастығымен өз сезімімізбен, ниетімізмен бөлісеміз. ■

Ирмак Эврен экономика және менеджмент бакалавры дәрежесін Стамбулдың Билджи университеті мен Лондон экономика және саяси ғылымдар университетінде алған. Экономика саласы бойынша аспирантураны Университет Париж 1 – Пантеон Сорбоннада (Франция) және Галатасарай университетінің Медиа және коммуникация мектебінде (Стамбул) жалғастырады. Қазіргі уақытта Таяу Шығыс техникалық университетінде (Анкара) әлеуметтанудан доктор дәрежесін алу жолында. Зерттеу тақырыбы: Франциядағы исламофобия және түрік-мұсылман мигранттарының трансұлттық діни ұйымдары. Сонымен қатар, ол Стамбулдағы Окан университетінің кино және теледидар кафедрасында оқытушы.

Гүл Шарбаджиоғлы халықаралық қатынас бакалавры дәрежесін Билкент университетінде (Анкара) алса, Таяу Шығыс техникалық университетінде (Анкара) әлеуметтану магистрі атанды. Әлеуметтану саласындағы докторлық диссертациясын да сол университетте дайындауда. Докторлық диссертациясы түрік медицина саласының кәсіби автономиясы мен беделінің трансформациясына арналған. Зерттеуінің бір бөлігін Йорк университеті әлеуметтану кафедрасында (Ұлыбритания) шақырылған зерттеуші ретінде жүргізді. Қазіргі кезде Билкент университеті саясаттану мен мемлекеттік басқару кафедрасының оқытушысы. Қызығушылық аясы: медицина әлеуметтануы, кәсіп әлеуметтануы, еңбек және ұйым әлеуметтануы мен гендерлік зерттеулер.

Хаттарды Гүл Шарбаджиоғлыға <gulcorbacioglu@gmail.com> және
Ирмак Эвренге <irmakevrenn@gmail.com> жолдауға болады.